Зерттеу аясында аймақтық үйлестірушілер жұмыс атқарған, сұхбаттар алынған негізгі аймақтар, Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Өскемен, Атырау, Ақтөбе болды. Аталған аймақтарда ұлтаралық қақтығыстар орын алып, адам құқығы бұзылған фактілер тіркелгенді, сонымен қатар, ірі құқыққорғау ҰЕҰ мен азшылықтардың қауымдастықтары, жергілікті салмақты БАҚ орналасқан. Бұдан бөлек, бұл аймақтар, яғни елдің батысы, орталығы, оңтүстігі және шығысы, географиялық тұрғыдан алып қарағанда жалпы Қазақстан туралы түсінік бере алады.

Зерттеу бұқаралық ақпарат құралдарының этникалық, діни және сексуалды азшылықтарға деген қатынасы, үкіметтік және тәуелсіз БАҚ-дарының материалдарына не ықпал жүргізетіні, азшылықтар мен БАҚ, ҰЕҰ, тәуелсіз институттар мен мемлекеттік органдар арасындағы қарым-қатынастың сипаты жайлы толық көрініс береді.

Жоба республикадағы азшылықтардың жағдайына назар аударуға және осы жағдайдың елдегі бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуін талқылауға шақырады. Бұл елдегі құқыққорғау ұйымдары жүргізіп жатқан, БАҚ-дарындағы аз топтар мәселесінің көтерілу сипатының өзгеруіне байланысты жұмысқа қолдау болады.

Сараптамалық есептің мазмұны үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріліп отыр және бұқаралық ақпарат құралдарына, мемлекеттік органдарға, қоғамдық және халықаралық ұйымдарға, зерттеу құрылымдарына, университеттерге және басқа да мекемелерге таратылады.

Зерттеудің нәтижесі мен қорытындысы оның авторларының және Сорос-Қазақстан Қорының пікірін білдіруі міндетті емес, алайда зерттеуге қатысушылардың пікіріне жасалған қорытынды шолу болып табылады.

ПРОБЛАМАҒА ТАЛДАУ

Республикадағы азшылықтардың жайы туралы тақырып – бұқаралық ақпарат құралдарында көп көтеріле бермейтін, осы себепті қоғамдық ортада өте сирек талқыланатын, табу қойылған тақырыптардың бірі.

Ал БАҚ-ның қандай да бір топқа деген қате көзқарасы мен шеттетпек ниеті ең әуелі журналистердің кәсібилігі мен олардың қоғамда болып жатқан процестерді түсіну деңгейінің мәселесі болып тұр. Бұл мәселе, сонымен қатар, Қазақстандағы журналистер не жете бағаламайтын, не мүлде есепке алынбайтын масс-медианың азаматтар алдындағы жауапкершілігіне тікелей қатысты.

Қазіргі кезде азшылықтар тақырыбы журналистердің олардың құқығын қадағалауы тұрғысынан алып қарағанда сұранысқа ие емес, алайда, осымен қатар ол масс-медианың үндестілігі жағынан алғандағы ең бір даулы тақырыптардың бірі.

Ал жоба бағытталған азшылықтардың үш тобы ел халқының едәуір бөлігін құрап отыр. Ұлттық азшылықтарға республика жұртшылығының 37%-ын, ал діни азшылықтарға 35%-ын, сексуалды азшылықтарға (өзге мәліметтердің болмауын және аталған көрсеткішті әлемдік стандарттар бойынша осылай есептеуді ескере отырып) 4-тен 10%-ын жатқызуға болады.

2009 жылы өткен ұлттық санақ қорытындысына жүгінсек, қазақтар Қазақстан халқының жалпы санының 63,1%-ын, орыстар 23,7%-ын, өзбектер 2,8%-ын, украиндер 2,1%-ын, ұйғырлар 1,4%-ын, татарлар 1,3%-ын, немістер 1,1%-ын, өзге этностар 4,5%-ын құрайды.

Ресми деректерге қарағанда, Қазақстанда 40 конфессияға жататын, қарамағында 2500 діни құрылысы бар 4173 діни бірлестік жұмыс істейді. АҚШ-тың демократия, адам құқығы және еңбек Бюросының мәліметтеріне сүйенсек, республика халқының шамамен 65%-ы өздерін мұсылманбыз деп есептейді. Орыс православие шіркеуі өкілдерінің саны 30%-дың айналасында болса, Католиктік епархияның жолын қуушылар 1%-ды, еврей қауымы - 1%-дан аз халықты құрайды.

Ресми статистикаға сәйкес, Евангелиелік христиан-баптистердің қауымдарының саны – 362, Жетінші Күн Адвентистері - 66, Иегова Куәгерлері бірлестіктері – 78, ал жаңа бағыттағы протестанттық қауымдастықтар саны - 540.

2010 жылдың ақпанында 2009 жылдың 6-15 шілде аралығында Қазақстанға ресми іссапармен келген, азшылықтар мәселесі бойынша БҰҰ-ны тәуелсіз сарапшысының баяндамасы жарық көрді. Баяндамаға БАҚ да, азаматтық қоғам да селт ете қойған жоқ.

Өз баяндамасында Гай МакДугалл ұлтшылдық көріністерінің ашық білінуін, этникааралық қарым-қатынас мен дау-жанжалдың ширығып тұрғанын және азшылық қауымына қарсы күш көрсету сипатындағы іс-әрекеттердің орын алып отырғандығын көрсетті.

2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Маятас ауылында төрт жасар қазақ баласын күрдтердің бірі зорлады деген күдік салдарынан болған жаппай тәртіпсіздіктер, күрд отбасыларына жасалған шабуылдар; 2007 жылы наурызда Алматы облысы Маловодное ауылында болған қазақтар мен шешендер арасындағы төбелестен туындаған шешендерге жасалған күш көрсетулер; 2006 жылы қарашада Алматы облысы Шелек ауылында болған қазақтар мен ұйғырлар қақтығысы аталып өтті.

Баяндамада биліктің ұлтаралық жанжалдар жайында БАҚ-да хабар таратуды шектейтіні, елде дәріптеліп, насихатталатын ұлтаралық келісім туралы түсінікке зиян келтірмес үшін этникааралық ширыққан қарым-қатынастың маңызын төмендету бағытында мемлекеттік саясат жүргізіліп отырғандығы туралы хабарланады. Сонымен қатар, «бұқаралық ақпарат құралдарында азшылықтардың қазақстандық қоғамда жүргеніне алғыс айтуы тиіс «қонақтар» екендігі туралы пікірлер де айтылады» деп көрсетілген.

Тәуелсіз сарапшы үкімет баптистер, Бірлестік шіркеуінің ерушілері, сайентологтар, бахаистер, Лютеран шіркеуінің, «Жаңа өмір» елушілер шіркеуінің, «Агапе» шіркеуінің, «Благодать» шіркеуінің ерушілері, ахмадийліктер және басқа да «дәстүрлі емес» діндер немесе «секталар» деп санайтын діни азшылық өкілдерімен кездескен. Олар 2005 жылы қабылданған ұлттық қауіпсіздік туралы заңға енгізілген өзгертулерден туындаған шектеулерге байланысты өздерінің айтарлықтай алаңдаушылықтарын білдіріп, 2009 жылы ақпанда шыққан Конституциялық кеңестің шешіміне қарамастан, аталған заңнан да асып түсетін шектеуші заң қабылдануы мүмкін екендігін айтады.

Әзірге Қазақстан халқының санына шаққандағы сексуалды азшылықтардың үлесі белгісіз. Әлемдік зерттеулердің мәліметтеріне қарағанда, қоғамдағы сексуалды азшылықтар үлесі 4-тен 10-ға дейінгі пайызды тұрақты түрде көрсетіп отырады. Сексуалды азшылықтар тақырыбы қоғамдағы ең қиын тақырыптардың бірі. ТМД елдерінің көпшілігінде, оның ішінде Қазақстан да бар, бұл тақырып мүлде тыйым салынған секілді әсер қалдырады, оны бәрі айналып өтеді.

Билік мәліметтеріне қарағанда, Қазақстанда ресми түрде тіркелген 8 мыңдай БАҚ-дарының 2,5 мыңдайы іс жүзінде жұмыс істейді. БАҚ-дарының көпшілігі биліктің қарауында не билікпен бір ұстанымда. Азшылықтар бойынша БҰҰ-ның тәуелсіз сарапшысының мәліметтері

бойынша, БАҚ күдік, мемлекеттік бақылау және қазіргі билікке адалдық жағдайында жұмыс істеп жатыр. Мұндай жағдай бүгінгі күні ұлтаралық және дінаралық дау-жанжалдарға да қатысты, ал бұл пікір білдіру еркіндігі құқығын бұзады.

Қазақстандық сарапшылар болашақта БАҚ азшылықтар мәселесін сақтықпен көтеруі қажет, бұл өз кезегінде жергілікті және халықаралық ҮЕҰ-дар, қауымдар мен мемлекеттік органдардың өзара біріккен іс-әрекеттерінің нәтижесі болуы тиіс дейді. Республикада азшылықтар жағдайы туралы келіссөздерді үдете түсу керек, бұл тақырып тұрақты түрде көтеріліп тұру, бар проблемаларды талқылау және қорытынды ұсыныстар дайындау үшін қауымдастықтардың мемлекеттік органдармен, ҮЕҰ мен БАҚ-дарымен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын табу қажет.

ҚР АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҮНДЕСТІЛІКKE БАҒА БЕРУ

Сауалнамаға қатысқандардың (азшылық, ҮЕҰ, БАҚ, мемлекеттік органдар өкілдері) жартысынан астамы (55%) масс-медиа ұлттық, діни және сексуалды азшылықтар туралы БАҚ-дарының хабар тарату сипаты нейтралды деп жауап берді, мұндай жауаптың үштен бір бөлігінен астамы БАҚ өкілдеріне тиесілі болды. Алайда сұралғандардың 25%-ы БАҚ азшылықтар туралы жағымсыз ақпаратты жиі таратады, шеттететін сөздер қолданады, мұндай топтардың мәселелеріне деген шыдамсыз қарым-қатынасты дәріптейді деп санайды екен. Мұндай жауап ұсынғандардың көпшілігі діни азшылық өкілдері (23%) мен, бір қызығы, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері (28%) болды.

Сарапшылардың айтуынша, азшылықтарға деген БАҚ-дарының оң және бейтарап көзқарасы (ең бірінші кезекте, ұлттық азшылықтарға деген), көп жағдайда ақпараттық кеңістіктегі мемлекеттік тапсырыс ықпалының арқасында пайда болады. Ұлттық бірлік пен халықтар достастығын уағыздайтын тақырыпты мемлекеттік тапсырыс байқауында көруге болады және ол мемлекеттік, жекеменшік БАҚ арқылы насихатталады.


Осымен қатар, мемлекеттік тапсырыс дәстүрлі емес діни бірлестіктерді сынау арқылы белгілі бір дәрежеде азшылықтар (әсіресе діни) туралы жағымсыз пікір қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жағдай әсіресе республикалық басылымдарға тән.

Сауалнамаға қатысқандардың кейбірі азшылықтар туралы қазақтілді басылымдар жағымсыз, тіпті басқыншылық сипаттағы (әсіресе сексуалды азшылықтар жайында) ақпарат береді дегенді айтты. Олар мұны білімнің жетіспеушілігімен және журналистер жарыққа шығаратын қоғамдық стереотиптермен байланыстырды.

*«Сексуалды азшылықтар жайында жағымсыз түсінік бар. Олар туралы көбінесе тақырып таңдау еркіндігі бар БАҚ жазады. Ал діни азшылықтарға келетін болсақ, бізде негізгі назар дәстүрлі діндерге аударылған, БАҚ да оларға бейтарап қарайды. Алайда бізде азшылықтардың мәселелері сирек көтеріледі».**

«...БАҚ ұлттық азшылықтарға қатысты мәселелерді этика шеңберінен аспай беруге тырысады. Қандай да бір этникалық топ туралы жанға батырлық, дөрекі сөздерге бармайды. Ал діни азшылықтарға қатысты жалпылама пікір кездесіп жатады. Мысалы, көптеген діни азшылықтарды бір сөзбен «секта» деп атай салады және олар қоғамға қауіп төндіруі мүмкін деген болжам келтіреді. Тура осы жағдай сексуалды азшылықтарға да қатысты. Журналистер не оларға мүлде назар аудармайды, не кекесін, мысқылға толы материалдар жазады...»

Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға қатысты БАҚ-дарының хабар тарату сипатын қалай бағалайсыз?



■ Жағымды
■ Бейтарап
■ Жағымсыз

** Осы жерден бастап зерттеу барысында алынған сұхбаттардан үзінділер келтіріліп отырады*

«Мұндай мәселелерді талқылау барынша лояльді болуды, әдепті және демократияны талап етеді, ал біздің БАҚ-дарының белгілі бір дәрежеде ықпал астында екенін ескерсек (құзырлы құрылымдардың ықпалын айта кетсе де болады), әділ берілген баға сирек кездеседі».

«Журналистер қарапайым терминологияны білмей жатады. Бұл журналист сауатсыз деген сөз емес, мүмкін ол ерінген шығар, я редакторының тапсырмасымен жасаған шығар, алайда негізгі дүниелерді білуге ұмтылу керек емес пе».

«БАҚ-дарының хабар тарату сипаты әртүрлі, ұлттық және діни азшылықтар жайында жағымды, бейтарап, ал экстремистік топтарға қатысты жағымсыз ақпарат беріледі және бұл өз-өзін ақтайды. Сексуалды азшылықтар мәселелері шет қалады, ділімізге байланысты оны айналып өтеміз, олар туралы әңгіме қозғағымыз келмейді».

Зерттеу көрсеткендей, аталған азшылықтар жайлы мәселені БАҚ нақты ақпараттық негіз болған жағдайда қозғайды, ол діни мейрамдар, қоғамдық не мемлекеттік шаралар, дау-жанжалды не қылмыстық оқиғалар болуы мүмкін. Осының ішінен дау-жанжалды, қылмыстық оқиғаларды ақпараттық негіз ретінде сұралғандардың жартысынан астамы көрсеткен (147 адамның 73-і). Мемлекеттік орган өкілдерінен өзге сарапшылар азшылықтар туралы хабар таратудағы сұранысқа ие оқиғалар ретінде осыларды атап көрсеткен. Ал мемлекеттік органдар болса бірінші орынға діни және ұлттық мерекелерді қойды.

Зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан сарапшылар БАҚ көп жағдайда азшылықтар туралы жағымсыз хабар таратады дегенді айтты. Журналистер мен масс-медиа БАҚ қызметкерлерінің бұл қауымдастықтар жағдайына толерантты түрде қарау маңыздылығын түсінбеуінен және халықтың түрлі тобына жататын азшылықтарға деген теріс көзқарасының әсерінен шеттету ниетін байқатып қалып жатады.

Сарапшылар бейтаныс этникалық не діни орта туралы ақпарат таратқанда, журналист осы орта ұстанатын салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа сыйластықпен қарап, оған өзінің пікірін таңбау, азшылықтар туралы материал дайындау барысында, қандай да бір сөз қолданар алдында ерекше сақ болу секілді ережелерді ұстануы керек деп санайды.

Сауалнамаға қатысқандардың 18%-ы ғана БАҚ-дарының діни, этникалық және сексуалды азшылықтар жайлы хабар тарату сипаты объективті және толерантты деп санайды. Ал қалғандары БАҚ материалдары я біржақты болады, я отқа май құя түседі, не мүлде дау-жанжал жайында ауыз ашпайды деген пікірге тоқтады.

«Бір жағынан БАҚ өз материалдары арқылы даулы мәселелерді шешуге тырысады, екінші жағынан үндемеу арқылы, толық ақпаратты жасыру арқылы жаңа жанжалдарға себепші болады. Менің ойымша, журналистер мұндай мәселелерді көтеретіндей деңгейге ие емес, әсіресе қазақтілді БАҚ осы тұрғыда ақсап жатады, олар көп жағдайда біржақтылыққа салынып кетеді, не дауды одан әрі ушықтырып жібереді».

«Сексуалды азшылықтар проблемаларын көтеру тың игерумен бірдей болып отыр. Менің ойымша, қоғамда ол туралы көп айтылмаған соң, БАҚ да қызығы қоймайды. Ал сексуалды азшылықтар кеңестік кезде де біздің қоғамда болды, бірақ халық арасында олар туралы жақ ашпау «ережесі» бар. Олардың саны аз да болуы мүмкін, бәлкім осы себепті мұндай проблемаларға ешкім қызыға қоймайды. Ал ұлттық азшылықтар жайында біз жиі жазамыз және сөйлейміз, бірақ ол жан-жақты сипатқа ие. Көбінесе бұл бағытта тапсырысты материалдар жазылады».

«Қандай да бір дау-жанжал кезіндегі БАҚ-ның басты қателігі – біржақтылыққа салыну және осы бағытта білек сыбана кірісіп, қарқынды түрде материалдар жасау. Мұндай қадамға баруға болмайды, бұл журналистика стандарттарына жат нәрсе. Үндемей қалуға да болмайды, себебі тыныш отыру дауға отқа май құйғандай әсер етеді».


Келтірілген кестеде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқандардың 42%-ы ақылмен келіп, объективті түрде талдау жасауды қажет ететін дау-жанжалдар кезінде масс-медиа біржақтылыққа салынып, жағдайды одан әрі тереңдетіп, өршіте түскен дейді.

Жалпы БАҚ-дарының азшылықтарға қатысты өзекті мәселелерді қозғауы қоғамдағы діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға деген көзқарасының қалыптасуына тікелей байланысты. Сұралғандардың 46%-ы ақпараттық кеңістікте айтарлықтай тең қарым-қатынас бар деп санайды.

Алайда аталған сегменттің екі пункті БАҚ-дарының азшылықтар мәселесіне байланысты ақпарат таратарда «достық пиғылдағы емес» немесе тіпті «даулы» баға беретінін көрсетеді. Журналистер мен редакторлардың өзі осы пункттер бойынша БАҚ-дарының «жетілмегенін» мойындайды - 54 %.


Ал діни, ұлттық және сексуалды азшылықтар туралы БАҚ-дарының хабар тарату сипаты соңғы жылдары айтарлықтай өзгермеген екен. Қатысушылардың біразы жағдайдың тіпті жақсарғанын көрсеткен, бұлай дегендердің негізі – мемлекеттік органдар мен этникалық азшылық

БАҚ діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға қатысты дау-жанжалдардың дамуына қалай ықпал етті?



- объективті хабар таратты
- біржақтылыққа салынды
- отқа май құя түсті
- үндемей қалды
- басқа

Сіздің діни, ұлттық жағдайыңызға не сексуалды ориентацияңызға байланысты пайым-ой бойынша Қазақстаннан кететін жоспарыңыз бар ма?



өкілдері. Діни азшылық және ҰЕҰ өкілдерінің басым бөлігі болса жағдай, керісінше, құлдырауда, ақпарат берудің сипат өзгермегенмен, кейбір тұста айтарлықтай кері кету бар деп санайды.

Азшылықтарға қатысты зерттеуде көрсетілген, діни, ұлттық жағдайға не сексуалды ориентацияға байланысты Қазақстаннан кету мәселесін көтерген сұраққа берілген жауаптар да маңызға ие. Сұралғандардың 50%-дан астам өткір дау-жанжалды жағдай туындап жатса, елді тастап кететіндіктерін айтты, мұндай жауап бергендердің жартысынан астамы (57%) этникалық азшылық өкілдері болды. Ал 29 %-ы кез келген жағдайда елде қалатындықтарын білдірді.

Азшылық өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдарына деген сеніміне байланысты пікірлер де көңіл көншітпейді. Құқығы бұзылған жағдайда қандай құрылымдарға барасыз деген сұраққа берілген жауаптар бойынша БАҚ соңғы орында тұр, оның үлесі 6%-дан аз. 20%-дық көрсеткіш құқыққорғау органдары мен халықаралық ұйымдарға тиесілі болды.


Әзірге құқыққорғау ҰЕҰ-дарына деген сенімінің көрсеткіші де айтарлықтай төмен, оған үкіметтік емес сектордың нәтижелі көмек бере алатынына байланысты күдік себепші екен. Алайда бұл тұрғыдағы бірінші орын «ешқайда» деген жауаптың еншісіне «бұйырды», мұндай пікірге сұралған азшылық өкілдерінің 23%-ы тоқталды.

«Ешқайда бармайтын шығармын, алайда дау өршіп жатса, өмірге қауіп төнсе, халықаралық ұйымдарға шығуым мүмкін, ал басқа майда-шүйде мәселелерге байланысты жанталасу, меніңше, бос әурешілік».

Масс-медиа қызметкерлерінің басым көпшілігі (80%) және үкіметтік емес ұйым сарапшыларының барлығы біліктілікті көтеру қажет, этика мәселесіне байланысты тренингтер мен семинарларға қатысып, дін, ұлт, сексуалды ориентацияға қатысты мәселелерді зерттеу керек деп санайды. Журналистер мұндай топтардың мәселесін кәсіби түрде көтерерде, дұрыс сөз қолдануда, ақпарат көзін пайдалануда, пікір алуандығын сақтауда білім қорының аздығын байқайтындықтарын айтты.

Мұндай ойға зерттеуге қатысқандардың көпшілігі келіп отыр, олардың ойынша зерттеуде көрсетілген азшылықтар жайында хабар таратудың кәсібилік деңгейі орташа (сұралғандардың 19%-ы) не төмен (34%).

Аталған азшылықтар мәселелері туралы хабар таратуына байланысты Сіздің аймақтағы, жалпы Қазақстандағы журналистердің кәсіби деңгейін қалай бағалайсыз?



БАҚ ҮНДЕСТІЛІГІ: ЭТНИКАЛЫҚ, ДІНИ ЖӘНЕ СЕКСУАЛДЫ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ПІКІРІ

ДІНИ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ

Сұхбат алынған сарапшылар – діни азшылық өкілдерінің көпшілігі (63%) масс-медианың шеттету ниетін, өздерін «секта» деп атап, дінге деген жағымсыз қатынас туғызып, оқырмандар мен көрермендерге өз пікірін таңуға тырысатындықтарын байқайды екен.

Осыған қарамастан, діни азшылық өкілдерінің айтуынша, БАҚ олардан ақпарат алмайды, тек өздерінің стереотиптері мен осы саладағы мемлекеттік шаралар, акцияларға қатысты болмаса, көп жағдайда мұндай мәселеден аулақ жүруге тырысатын редакция саясатына жүгіне отырып материал жасайды. Тіпті, қандай да бір мәселе көтерген күннің өзінде, ол дау-жанжалдарға байланысты болмақ және БАҚ өкілдері пікірлер балансын сақтауға кәсіби тұрғыда келмейді, біржақтылыққа салынады.

Сұралғандардың көпшілігі діни азшылықтарға деген ксенофобия негізінен мемлекеттік және билікпен бір көзқарастағы БАҚ-да байқалады, ал өзге БАҚ үйлесімді материал жасаймын деген күннің өзінде, көп жағдайда ақпараттың жетіспеушілігінен туындайтын фактыға байланысты және мағыналық қателер жібереді.

«Телехабарларда негізгі дінді ұстану керек деген пікірлерді ылғи байқаймын... Ал дінге байланысты түсінік әр адамда әртүрлі емес пе! Біреуге пікір таңбау керек қой! Бірақ, журналистер мұндай қадамға барады және оны кең көлемде жүргізеді!»

«Әрине, БАҚ бейтарап сипатта хабар тарата алмайды. Оларға дау, жанжал керек, тіпті кейде өздері «шұрқан» жасап жатады. Ақпараттық негізге не бар, соның бәрін жатқыза береді. Олардың жақсы көретін тақырыптары – зираттардағы готтар, сатанистердің жолын қуушылар».

«Даулы жағдайлар жайында ақпарат берерде жеккөрушілік ерекше байқалады. Журналистер мемлекеттің жағына шығып, материалдарына объективтіліктің белгісін көрсетпейді, ақпаратты біржақты береді»,

«БАҚ саналы түрде діни азшылықтар туралы жағымсыз сипаттағы материалдар береді, осылайша олар қоғамдық пікірге әсер етеді. Нәтижесінде қоғам діни бірлестіктерден теріс айналады».

«Журналистер мен редакторлар ақпарат жинауға, бізден немесе бейтарап ұстанымдағы, халықаралық дәрежедегі, шын мәнінде осы діндерді зерттеген дінтанушылардан мәлімет алуға тырыспайды да».

Кейбір сарапшылар соңғы кезде күшейіп келе жатқан «секталарға қарсы» қозғалыстарға байланысты алаңдаушылығын білдірді. Мұндай тенденция масс-медиа сарапшы ретінде сөз алатын БАҚ-дарында да байқалады.

«БАҚ арқылы белгілі бір түсініктерді ауыстыру, жаңа терминдер мен түсініктерді енгізіп, қалыптастыру, осылайша шындықты бұрмалап, адамдарды «қорқыту» жүріп жатыр. Мұндайда белсенді рөлді «Перспектива» секілді қорлар ойнайды, олар, мысалы, былай дейді: «Біз «секта» сөзін қолданбаймыз, біз «құрылымсыз жалған дінді ұйым» дейміз». «Перспектива» ақпараттық-кеңестік тобы» қоғамдық қорының президенті, «Время» газеті, 21 қазан 2010 жыл».

Өздерінің діни жағдайына байланысты, әсіресе, даулы жағдай пайда болса, елден кететіндіктерін білдіргендердің арасында діни азшылық өкілдерінің саны басым болды (сұралғандардың 70%-ы). БАҚ мұндай топтарға қарсы ширыққан, жанжалды қатынас туғызып отыр деген діни азшылықтарға жататын құрылым сарапшыларына да дәл осындай көрсеткіш тиесілі.

БАҚ-дарында кездесетін, негізгі ой-пайымдар келесіге саяды: діни ұйымдар отбасылардың шырқын бұзады, қоғамдық ережелерге қарсы жүреді, адамдарды материалдық дұрыс жағдаймен тартып, алдайды, «олар секталар, тоталитарлы секталар, құрылымсыз жалған дінді ұйымдар, қоғамға, адамдардың денсаулығына зиян келтіреді, ақыл-есінен адастырады, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді, әлемнің басқа елдерінде оларға тыйым салынған».

Зерттеуге қатысқандардың бір бөлігі жекелеген БАҚ мен журналистердің кәсібилігінің жоғары екендігін, олардың діни азшылықтар мәселесін әлеуметтік жауапкершілік және этика заңдылықтарына сүйене отырып, мәліметтерді сараптап, талдай отырып көтеретіндігін айтып өтті. Алайда, мұндай жағдай ережеден «тыс» секілді, себебі «Діни азшылықтарға қатысты мәселелердің БАҚ-да көтерілу сипаты соңғы жылдары қаншалықты өзгерді?» деген сұраққа діни азшылық өкілдері «өзгермеді», «кері кетті», «күрт құлдырап кетті» деп жауап қайтарды.

«БАҚ тұтастай біржақты. Діни азшылық қарсыластарымен пікірлері бір жерден шығады. Шын жағдайдың қандай екенін білуге не екінші жақтың ойын анықтауға ұмтылмайды».

«Кәсіби деңгей деген мүлдем жоқ. Дін, әсіресе бәсекелес діни ағым туралы білім дегенді кездестірмейсіз. Ақпараттың бәрі жағымсыз сипатта және жалған жазылған. Діни азшылық өкілдерінен олар туралы ақпарат алу және жариялау мақсатында хабарласпайды».

«Бұл тақырып – біздің ел үшін жабық тақырып. Билік пен діннің «басы бір қазанға сиыспайды». Дін әрқашан биліктің бәсекелесі болып келді, сондықтан діни азшылықтар мәселесі дұрыс көтерілмейді».

ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ

Сауалнамаға қатысқандардың тек біреуі ғана БАҚ этникалық азшылықтар жайында жағымсыз сипаттағы хабар таратады десе, өзгелері масс-медияның бізге деген ықыласы бейтарапты, я оң депті. Сонымен қатар, сұралғандардың бірде-біреуі аталған жағдайдың соңғы жылдары кері кеткенін көрсетпеген, ал 50%-ы болса «жағдай жақсарды» деген ой айтады.

Бұдан бөлек, республикадағы көптеген БАҚ-дарының ұлтаралық қарама-қайшылықтарға қатысты ақпарат таратуды жөн көрмейді, бұл туралы жарияланымдарға жасалған талдау көрсетіп отыр. Алайда, өзге азшылықтарға қарағанда жағдай «иман-таразы» болса да, ұлттық азшылықтардың да өзіндік проблемалары жетерлік. Мысалы, кейбір БАҚ ұлттық стереотиптерге, яғни белгілі бір халықтың жүріс-тұрысы жайлы жалпылама ойдан құрылған, этика шеңберінен тыс сөздер қолданып жатады, онысы қоғамда соқыр наным мен сенімсіздік туғызады.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі БАҚ-дарының барлығы дерлік азшылықтар жайлы хабар таратуда артық кетпейді, арандатушылық әрекеттерге бармайды, мұндай проблема тұрмыстық деңгейден аса қойған жоқ дегенді айтты.

Сонымен қатар, сұралғандар ақпараттық негіз болатын жанжал болмаған жағдайда, БАҚ-дарының ұлттық азшылық мәселелерін көтермейтінін, көтерсе де жағымды-жағымсыз сипатта жазбайтынын жеткізді. Алайда қандай да бір дау туа қалған жағдайда, масс-медиа екіге бөлінеді, кейбір БАҚ екі жақтың біріне болысып кетеді. Мұндай қадам әсіресе қазақтілді масс-медиаға тән.

«Тіл тигізсе де, онысын ашық көрсетпейді. Ашық түрде қарсы шығу деген бізде жоқ. Этикадан тыс деген – өте кең ұғым. Мәселе бұл түсініктің астарында не жатқанында. Мысалы, кейбір ұлттық азшылықтарды бейтарап деп қабылданатын тұжырымдардың өзі «ренжітуі» мүмкін».

«Ұлтаралық деңгейдегі қақтығыстар, оқиғалар болған кезде қазақтілді баспасөз өз ұстанымдарында сынға көп беріліп, әдептіліктен асып

жатады, яғни олар болған оқиғаға қатты көңіл аударады, ол жайында көп айтады. Өзге ұлттық азшылықтардың бәрі бірдей мұндай материалдарды оқымайды, сондықтан қандай да бір қарсы ой-пікірдің айтыла қоймауы осыған байланысты болуы мүмкін.»

«Мен украин халқының өкілі ретіне мемлекеттік болсын, оппозициялық болсын төзбестікті көрмегенімді айта аламын. Әйтеуір, украиндерге қатысты мұндай жағдайға кезіккен жоқпын».

Сұралғандар айтып өткендей, бүгінгі күні ұлттық азшылықтарға деген жағымсыз әңгіменің елеулі бөлігі Интернет-кеңістікте жүріп жатыр, онда блогтар мен форумдар толерантты емес пікірлерді білдіру көзі болып отыр.

Этникалық азшылық өкілдерінің айтуынша, ксенофобия, ұлтаралық қарым-қатынас жайлы хабар таратуға билік шектеу қойып отырғандықтан, мемлекеттік басылымдарда кездеспейді. Олар Қазақстан халқының Ассамблеясын ақпарат көзі ретінде пайдаланып, тек жағымды хабарлармен бөліседі. Сұхбат алынғандардың 92%-ы БАҚ-дарының ұлттық азшылықтарға деген мемлекеттің көзқарасын ұстанып отырғандықтарын айтты.

«Мемлекет берген мүмкіндік шеңберінен аспайтын ақпарат таратылады, біздегі журналистика негізінен бірорталықтанған ғой, биліктің бақылауынан тыс қалған БАҚ жоқ десе де болады, сондықтан олар әкімшілік рұқсат еткен деңгейде ғана ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін көтереді».

БАҚ-дарының этникалық азшылықтарға деген ниетіне берілген оң бағаға қарамастан, сұралғандардың өздері масс-медианы құқығым бұзылған да баратын жер деп санамайды екен. «Құқығыңыз бұзылса, қайда бара едіңіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың біреуі ғана БАҚ деп жауап беріпті. 26 %-ы құқық мәселесіндегі түйткілдерін шеше алатындығына күмәнмен қарайтындықтан, мұндай жағдайда ешқайда бармайтындықтарын айтты. Жартысынан астамы (57%) ұлттық жағдайына байланысты Қазақстаннан тек «қауіпті дау-жанжалдар туындағанда» кететіндіктерін көрсетіпті.

«Егер үлкен жанжал не саяси негізде құқық бұзылу болып жатса, онда шу шығару үшін, аталған жайтқа қоғамның назарын аударту үшін БАҚ-на барудың еш пайдасы жоқ».

Сұралғандардың 72%-нан астамы қазақстандық БАҚ-дарының ұлттық азшылықтарға мәселені жеткілікті түрде көтермейтіндігін атап өткен. Бұл отандық масс-медианың аталған тақырыпты айналып өтуге

тырысатындығынан болар. Сонымен қатар, осы мәселеге тұрақты түрде назар аударатын БАҚ деп «МИР» телеарнасы аталып өтті.

Аталған тақырыптың отандық БАҚ-дарында сирек көтерілетінің бір себебі ретінде журналистердің кәсіби біліктілік деңгейінің төмендігі аталып өтті, себебі бұл тақырып алдын-ала жүргізілген жан-жақты зерттеуді талап етеді. Сұралғандардың 85 %-ы ұлттық азшылықтардың мәселесін көтеруде масс-медиа өкілдерінің біліктілігінің тақырып қиындығына сай келмейтіндігін, олардың кәсіби деңгейін «орташа» не «төмен» деп бағалауға болатындығын атап кетті.

Мұндай пікір әлемдік масс-медиааның қазақстандық масс-медиадан ерекшеленетінімен түсіндіріледі: әлемдік БАҚ даулы жағдай туралы хабар таратуда медиатор, яғни объективті ақпаратты қоғамға жеткізуші рөлін ойнаса, қазақстандық БАҚ дауласып жатқан екі топтың біріне қарсы көзқарасын білдіруімен белгілі.

ЛГБТ- ҚАУЫМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ

Сексуалды азшылықтардың жайы туралы БАҚ-дарының ақпарат беру сипатына байланысты, аталған азшылық өкілдерінің пікірі тура екіге жарылды. Бір жартысы масс-медиа жарияланымдар бейтарап сипатта десе, екінші жартысы жағымсыз сипатта, бұл қоғамның дәстүрлі емес сексуалды ориентациялы адамдарға деген теріс көзқарасына тікелей тәуелді деп есептейді.

Сонымен қатар, сұралғандардың көпшілігі БАҚ өз материалдарында сексуалды азшылықтарға қатысты этикаға жатпайтын, қорлау түріндегі сөздерді саналы түрде, ал кейде халықаралық стандарттар қабылдаған түсініктерді білмеуіне байланысты білдіріп жатады деп санайды.

«Мұндай жағдай, өкінішке орай, жиі кездеседі. БАҚ-дарында «көгілдір», «розовые» секілді сөздерді, тіпті бұдан да сорақы пікірлерді ұшырастырып жатамыз. Журналистер, осылайша, БАҚ өкілі бола тұра, ең әуелі өздерінің сауатсыздығын көрсетеді».

«Этикаға жатпайтын сөздер кездеседі. Барлық нәрсенің өз атауы бар, «жаман» сөздерге жүгіне кету міндетті емес... Алайда іс жүзінде дәстүрлі емес ориентациялы жандардың қалай болса, солай атап жүргендігін көзіміз көріп жүр».

«Журналистер «гомиктер» не «лесби» секілді сөздерді қолданып жатады. Оның үстінде мұндай мақалаларды олар күлкілі анекдот-тармен «көркемдейді». Жағымсыз әсер етеді екен».

Осы тенденцияны сипаттай келе, ЛГБТ-қауымдастық өкілдері белгілі бір дәрежеде өздеріне деген жағымсыз сипаттағы қатынасты барлық дерлік БАҚ түрлері көрсететінін айтты, әсіресе пікір білдіру мүмкіндігі бар онлайн БАҚ мен сексуалды азшылықтар, оның ішінде жігіттер, мысалы, КВН-да мазақ нысанына айналатын телевизиялық масс-медианы ерекше атап өтті. Жалпы, сексуалды азшылықтар тақырыбын қазақстандық БАҚ елемей жатады, себебі оны оқырман не көрермен үшін өзектілігі жоқ, сұраныссыз тақырып деп санайды.

Зерттеуге қатысушылардың пікірінше, сексуалды азшылық мәселелеріне деген БАҚ-дарының ниеті қоғамдық пікірдің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. БАҚ ксенофобия мен дұрыс қалыптаспаған пікірге қарсы күрес құралы, алайда, өкінішке орай, қазір олар жағымсыз көзқарастың түзілуіне және бұл топты күлкілі немесе, тіпті жағымсыз түрде қарсы алуға «ат салысып» отыр.

Осыған қарамастан, БАҚ сексуалды азшылықтардың мәселелерін көтеруден қашқақтайды, олардың құқығы, жұмысқа тұруы, білім алуы, жеке өмір құқығы және басқа да Қазақстан конституциясы кепіл беретін проблемалары назардан тыс қалады.

Сексуалды азшылықтар туралы хабар таратудағы журналистердің кәсіби деңгейіне байланысты сұраққа барлық үш топ бірдей жауап қайтарды: олар журналистердің біліктілігін төмен бағалап, терминологиямен таныс емес екендіктерін, біржақты болатындықтарын, ақпарат іздеуде белсенділік танытпайтындығын атап өтті. Жалпы, сұралғандардың пікірінше, сексуалды азшылықтар тақырыбы БАҚ-дарының назарынан тыс қалған, оны тек масс-медиа азшылыққа еш қатысы жоқ оқиғалар жайлы хабар таратқанда пайдаланады.

Сауалнамаға қатысқандардың азғана бөлігі шетелдің ықпалының арқасында, оның арасында Ресейдің ықпалы да бар, сексуалды азшылықтарға деген көзқарастың дұрысталып келе жатқандығын айтты.

«Осы күнге дейін мен дәстүрлі емес ориентациядағы адамдарды жақтаған БАҚ көрмедім. Журналистердің бізге деген көзқарасы объективті емес, олар біржақты тұжырым ұстанады».

«Маған БАҚ биліктің бөтен ойлылықтың таралуына жол бермейтін саясатын ұстанып отырған секілді. Алайда бізді қолдауға дайын БАҚ өкілдері бар, алайда редакция саясаты оларға мұндай қадамға баруға жол бермей отыр».

«Ресейдің ықпалының арқасында, сексуалды азшылықтарға деген көзқарас түзеліп келе жатыр. Менің ойымша, екі жылдан кейін

біз барлық адам құқығы сақталатын өркениетті қоғамға жетіп қалармыз».

ЛГБТ-қауымдастық өкілдері әлеуметтік және құқықтық шешімін таппаған көптеген мәселелерінің бар екенін айтады. Алайда, бұл тақырыптың мемлекет деңгейінде жабық екендігіне байланысты, олар проблемаларын БАҚ арқылы көтеруге батпай отыр, себебі, мұндай жағдайда масс-медианың субъективті ақпарат беруінің «арқасында» қоғам алдында қорланып қаламыз ба дейді.

Зерттеуге қатысушылардың кейбірі сексуалды азшылықтарға қатысты материалдарды азайып бара жатқанын және оны жағымды құбылыс деп есептейтіндіктерін айтты, себебі бар ақпараттың өзі әдептілікке жатпайтын, шеттететін мазмұнға ие.

«Қазақстандық БАҚ ЛГБТ туралы материалдарды аз береді, бірақ кейде соларды да бермей-ақ қойса ғой деп ойлайсың. Адамдардың не жазып отырғанын көріп, қараптан-қарап таң қаласың. ЛГБТ тақырыбы не жағымсыз, не бейтарап сипатта беріледі, бұл әсіресе қазақтілді БАҚ-дарына тән».

«Құқығыңыз бұзылған жағдайда қайда барасыз?» деген сұраққа, осы айтылған жауаптардың түйіні ретінде, ешкім БАҚ-на не құқыққорғау органдарына баратынын көрсетпепті. Бірінші орында халықаралық ұйымдар мен құқыққорғау ҰЕҰ тұр.

Сонымен қатар, сұралғандар мемлекеттік органдар, әсіресе құқыққорғау органдары кейін БАҚ-дарында жарық көретін, азшылықтарға қатысты дискриминациялық ниетті танытанын атап кетті.

БАҚ ҮНДЕСТІЛІГІ: ҮЕҰ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР, МАСС-МЕДИА ПІКІРІ

ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫЛАР МЕН САЛАЛЫ ҮЕҰ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ

Сауалнамаға үкіметтік емес сектордың атынан қатысушылардың үштен екі бөлігі (64%) БАҚ-дарының азшылықтарға байланысты ақпарат не коментарий сұрап өте сирек келетіндігін, олардың негізінен мемлекеттік ақпарат көздерінен алынған ақпаратты пайдаланып, барлық жақтың пікірін қамтитын, жан-жақты материал дайындаудан қашып, жаңалық түріндегі хабар таратуға тырысатындықтарын айтты. Зерттеуге қатысқандардың кейбірі ғана жекелеген журналистердің осы бағытта сараптамалық жұмыстар жасап, екі жаққа бірдей ақпараттық өнім жасайтынын көрсетті.

Үкіметтік емес сектор өкілдерінің барлығы бірдей масс-медиаға азшылықтар турады ақпаратты: статистиканы, фактілерді, осы мәселе бойынша халықаралық заңнаманы, сарапшының бағасын беруге дайын екендіктерін жеткізді. Себебі олар БАҚ-дарының қоғамдық пікірді қалыптастырудағы алатын орнының маңызын және олардың қандай да бір азшылықтарға қарсы жағымсыз бағыттағы қарым-қатынасты насихаттайтынын, құқықтық және адамгершілік нормаларына жатпайтын көзқарастарын таңатынын түсінеді. ҮЕҰ өкілдері масс-медиа азшылықтарға деген қатынасын дұрыс сын айта алатын, қоғамға қандай да бір ой-пікірді таңбай, керісінше, таңдауға ерік беретін түрде қалыптастыруы қажет дейді.

Сұралғандардың жартысынан астамы «БАҚ-дарында осы сипаттағы ақпарат жариялануы керек пе?» деген сұраққа «мұндай ақпарат жарық көрер алдында мұқият түрде сарапталып, талдануы керек, ал егер ақпарат қандай да бір даудың негізі бола алатыны байқалса, онда белгілі бір сөз, пікірлерден бас тартқан жөн» деген түрде жауап қайтарған.


БАҚ өкілдері бұл сұраққа сыни тұрғыдан қарады, олардың 95%-ның пікірінше азшылықтар мәселесіне қатысты ақпараттың таңдаулылары ғана жарық көруі тиіс.

Масс-медияның мұндай тұжырым беруі, азшылықтарға қатысты тақырыптардың көпшіліктің көңіліне (мемлекеттік құрылымдар болсын, қоғам болсын) жақпай қалуы мүмкін екендігіне байланысты фактіні және материалдармен жұмыс кезінде өз-өзіне деген цензураның пайда болуын көрсетеді.

«Ақпаратты таңдап алу керек, заңды, этикалық нормаларды сақтау, ешкімді де рәжітпей, екі жаққа да бірдей сөз беру қажет».

«Мұндай жарияланымдарға азшылықтардың мүддесін ойлап, дау туғызбас үшін байыппен қарау керек. Бірақ үндемей де қалмай қажет, оларға мін тағып шға келу де артық».

БАҚ-дарында осы сипаттағы ақпарат жариялануы керек пе?



- ия, бірақ таңдалынып жариялануы қажет
- ия, бәрі де жарық көруі керек
- жоқ, жарық көрмей тиіс

«Жалған ақпаратқа, жел сөзге, ұзынқұлақтан жеткен әңгімеге құрылған жарияланымның жоқ жерден жажал шығарып, бұрмалап, қандай да бір мәселеге байланысты бұрыс көрініс туғызуы әбден мүмкін. БАҚ қоғамдық пікірді қалыптастыратындықтан, беріліп отырған ақпарат та осыны ескеруі тиіс».

«Өзіңнің пікіріңді және бәрін бірдей жаппай жаза беруге болмайды. Бұл туралы сауатты және әдепті түрде жазу керек. Материал шыққан соң, соның кесірінен өз-өзіне қол жұмсағандар да бар».

Сауалнама барысында азаматтық сектор өкілдері масс-медианың азшылықтарға теріс көзқараста болуы БАҚ меншігінің форматы мен түріне және азшылықтардың өздеріне де байланысты дейді. Мысалы, жағымсыз сипаттағы материалдардың дені діни азшылықтарға тиесілі болса, сексуалды азшылықтарға ондай жарияланымдардың ең аз бөлігі келеді. Бейтарап және жағымды сипатта таратылатын ақпарат ұлттық азшылықтарға тән, бұл мемлекеттің ұлтаралық достық саясатын насихаттауына сай болып отыр. Сонымен қатар, ұлттық азшылықтар туралы әдептен аспайтын материалдардың дайындалуына БАҚ-дарына арналып өткізілген оқу-білімдік шаралар: ұлтаралық қарым-қатынас туралы семинар, тренингтер де ықпал етуде.

Ал этикаға жатпайтын, шеттетушілік сипаттағы сөздер барлық үш топқа қатысты жарияланып жатады. Алайда мұндай жағдайда ең көп «таяқ жейтін» сексуалды азшылықтар болып тұр: оларға қатысты жақтырмаушылық пікір жиі байқалады.

Құқыққорғаушылардың көпшілігі азшылықтарға қатысты ксенофобия жағдайы БАҚ-дарының барлық түрлеріне тән, ол кейде арандатушылықпен үйлесіп жатады. Онлайн басылымдар мен баспасөз бетінде тақырып және лид түрінде беріліп, ә дегеннен-ақ оқырманды бір ізге салып қояды – «Шелек ұйғырлары: жер сендердікі, қозғалыс біздікі», «Екі ұйғыр бір қазақты неге өлтірді»...

«Егер 2010 жылдың қаңтарындағы материалдарды алып қарайтын болсақ, онда ірі газеттердің редакторларының трансгендерлерді өлтіру керек, ақымақтың жыныс мүшесін емес, басын емдеу қажет деген секілді сөздермен өте төзімсіз сипаттағы пікір білдіріп жатқанын көруге болады».

«Дискриминация сексуалды азшылықтарға қатысты алғанда айқын көрінеді. Мүмкін ол қорлау түрінде болмауы мүмкін, алайда оларға деген теріс көзқарас бар және ол дәстүр негізінде орныққан пікірден келіп шығып отыр».

Сұралғандардың бәрі БАҚ этикаға, дінге, этносқа, сексуалды ориентацияға қатысты біліктілікті көтеруді қажет етеді дегенді айтты. Құқық-қорғаушылар мен профилді ҰЕҰ өкілдерінің пікірінше, БАҚ бүгін-гі күні діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға қатысты төзімсіз және бір-жақты ақпарат беруде, мұндай құбылыс, әсіресе даулы оқиғалар кезінде ерекше байқалады: БАҚ «біржақтылыққа салынып», «арандатушылыққа барады», «ақпаратты» айналып өтеді (сұралғандардың 70%-ы).

ҰЕҰ өкілдері кездесу барысында журналистердің қандай да бір азшылыққа байланысты редакция саясатына тәуелді екенін, материалдың міндетті түрде белгілі бір қалыпта жарияланатынын не мүлде жарияланбайтынын мойындайтындықтарын айтты.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (95%) азшылықтардың мәселелері мен құқығын қозғауда цензура мен өз-өзіне деген цензураның түрлі дәрежеде бар екендігін көрсетті.

Меншік иелері, редакторлар және журналистердің өздері бұл тақырыпқа жазудан қашады, себебі олар аталған тақырыптарды «қауіпті» деп санайды, масс-медианың құқықтық тұрғыдан дайындығы әлсіз болса мемлекеттік органдар тарапынан болсын, сипатталған жайтқа қатысушылардың тарапынан болсын қарсы пікір мен арыз-шағымдарға кез болып қалуымыз мүмкін дейді. Кейбір журналистер діни және ұлттық азшылықтар тақырыбына ұлтаралық қақтығыс туғызды деп өз тарапына айтылған айыпты естімес үшін жазбайды. Енді біреулері сексуалды азшылықтар жайында хабар таратпайды, себебі өздерін де сол азшылық қатарына қосып жібере ме деп қорқады.

Цензураға қатысты сұрақ та, масс-медиа тарапынан зерттеуге қатысқандар ҰЕҰ өкілдерімен келісіп отыр, олардың 91%-ы классикалық мағынадағы цензура емес, редакторлар мен тілшілердің саналы түрде аталған тақырыптарды даулы жағдай туғызып алмайын деген ниетімен айналып өтетіндігіндегі өз-өзіне деген цензура бар деп көрсеткен. «Тіпті мұндай тақырыпқа жазған күнің өзінде, оны жақсы жағынан көрсетеді, яғни не бәрі жақсы, не жұмған ауыздарын ашпайды».

Кейбір басылымдардың журналистері ұлттық және діни азшылықтарға қатысты материалдардың мемлекеттік органдармен және республиканың арнайы қызметтерімен бақыланатындығын айтты. Сонымен қатар, кейбір тілшілердің ойынша, қазақтілді БАҚ ділдік себеппен сексуалды азшылықтарға қатысты мәселелерді көтеруден қашқақтайды.

«Цензураға Конституция тыйым салады. Алайда басшылықтың (бас редактор мен баспагер) цензурасы деген бар. Бұдан бөлек «жоғарыдан»

келетін, атқарушы билік өкілдерінен келетін цензура бар. Проблеманы шешудің орнына, кейбір редакторлар оны қазбаламай-ақ қойған жөн деп санайды. Яғни азшылықтар туралы алысқа бармай, кей-кейде хабар таратып тұруға болады».

«Қарапайым қазақстандық журналистика – сақ адам. Сонымен қатар, азшылықтардың құқығын қорғаймын деп жүріп, ол әріптестері алдында жексұрын болып кетуі мүмкін».

«Ұлттық қауіпсіздік органдары ұлттық және діни азшылықтардың мәселелерінің тым ушығып кетпеуі үшін жағдайды бақылап отырады. Тақырып үлкен сақтықпен қозғалады. Себебі БАҚ немесе журналист билік я басшылық тарапынан қысым көруі мүмкін».

«Олар бұл тақырыпқа жазғысы келмейді, өз-өзіне деген цензура осы жерде бой көрсетеді. Бұл жеткіліксіз дайындықтан ба, әлде мүмкін болатын салдардан ба – белгісіз. БАҚ өкілі іштей өз мойнына жауапкершілікті алуға дайын емес».

Сұралғандардың көпшілігі, азшылықтар (ең алдымен діни және сексуалды) жүелі түрде моральды қиындықтар мен құқықтарының бұзылуына кезігіп жатады дегенді айтты. Бұл: діни азшылықтарға қатысты алсақ – мемлекеттік органдар тарапынан алдын-ала көрсетілетін күдіктену мен теріс пиғылдың болуы, құқыққорғау органдары тарапынан негізсіз тексерістердің жиі жүргізіліп тұруы, қалаған дінге сену құқығын бұзатын, әділет органдарында тіркелу кезінде кездесетін қиындықтар; сексуалды азшылықтарға қатысты – қоғамның жақтыртпауы, төзімсіз ниетте болуы, сындарлы диалогтың болмауы, қорлау, жұмыстан шығарып жіберу, бопсалау, соққыға жығылу, медициналық мекемелерде анонимділіктің бұзылуы, медициналық мамандардың қабылдаудан бас тартуы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ

Мемлекеттік орган өкілдерінің көпшілігі БАҚ-дарындағы діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға қатысты ақпараттардың жариялану сипатына байланысты сұраққа, Қазақстан масс-медиясы азшылықтарға қатысты сөз айтуда этика шеңберінен шықпайды және материалдар негізінен бейтарап сипатта болады деп жауап берді.

Ал БАҚ-дарының азшылықтарға қарсы дискриминациялық, ксенофобиялық ниеттегі жарияланымдары ең бірінші кезекте діни және сексуалды азшылықтармен байланысты. Бірақ, мемлекеттік органдардың өкілдерінің ойынша, мұндай жағдай тек бізде ғана емес, көршілес Ресей баспасөзіне, шетелдік БАҚ-дарына да тән.

Сұралғандардың басым көпшілігі БАҚ-дарындағы этникалық азшылықтарға қатысты ақпарат не бейтарап, не жағымды сипатта болады, ал бұл мемлекеттің азшылықтардың осы тобына деген ұстанымымен сәйкес келеді деп санайды. Мұндай жағдай мемлекеттік БАҚ-дарына тән, ал жекеменшік және оппозициялық масс-медианың көзқарасы мемлекеттік саясатпен әрдайым бір жерден шыға бермейді. Бұл әсіресе «БАҚ мүддесі үшін» пайдаланылатын даулы оқиға кезінде анық байқалады.

«Діни азшылықтарға қатысты мәселелерге БАҚ мемлекеттік органдар секілді сақтықпен қарайды, олар туралы жиі жазбауға тырысады. Кейде діни секталар туралы жарияланымдарда аса бір тілектестікті байқай қоймайсың».

«...ресейлік және шетелдік журналистер «көгілдір», «негрлер» секілді этикаға жатпайтын сөздерді қолданады, бұл жекелеген журналистің деңгейі, мәдениеті жайлы мәлімет береді».

«БАҚ, жалпы Қазақстан қоғамы секілді, азшылықтарға төзімділікпен қарайды және елде қандай да бір жағымсыз оқиғалардың болмауына барынша ат салысады».

«Қазақстандық БАҚ-дары діни топтарға, сексуалды азшылықтарға деген қоғамдық пікірді қалыптастыруда көбінесе насихаттаушы рөлінде болады».

Ақпаратқа қол жеткізу, әсіресе БАҚ-дарының сұранымдарына не мүлде назар аудармайтын, не сұраққа қатысы жоқ деуге келетін жауап беретін мемлекеттік органдардан ақпарат алу мәселесі қазақстандық журналистика үшін күйіп тұрған кезде, зерттеуге қатысқан мемлекеттік орган өкілдерінің бірі қалмай журналистердің олар өкілетті болып отырған құрылымдардан кез келген ақпаратты ала алатыны жайлы айтқаны, қарама-қайшылық сезімін туғызды.

Мемлекеттік орган өкілдері Қазақстан масс-медиасымен әріптестік қарым-қатынасқа баруға әрдайым дайын екендіктерін жеткізді, алайда, ресми сұранымдар мен жеке сұхбаттардан байқауға болатындай, журналистердің азшылықтар мәселесін көтерудегі біліктілігінің төмендігі кейде байқалып жатады деді.

Мемлекеттік құрылым өкілдері діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға қатысты мәселелер бойынша БАҚ-дарына ақпарат беру маңызды және ол қажет деп санайды. Алайда БАҚ, әсіресе аймақтық масс-медиа, ақпарат не комментарий алу үшін сирек хабараласады, олар сараптамалық ақпаратқа қол жеткізбей, тек қандай да бір шара туралы құлақтандыру берумен шектеледі.

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі, азшылықтар жайлы хабар таратуда цензураның бар екендігін көрсетті. Мұндай цензура, әсіресе, этникалық топтарға қатысты мемлекеттік масс-медияның ақпарат беруінде байқалады. Сонымен қатар, қатысушылардың көпшілігі редакция мен журналистердің өз-өзіне деген цензурасының айтарлықтай проблема екенін атап өтті, яғни олар болашақта болуы мүмкін салдардан қорқып, аталған материалдарды жасаудан бас тартады. Бұл проблеманың тағы бір тұсы ретінде журналистердің азшылықтар жайлы объективті ақпарат беруіндегі кәсібилік деңгейінің төмендігі, заңнама мен этикалық нормаларды жете білмеушілік көрсетілді.

«Менің ойымша, әр топтың өзіндік абайлауды қажет ететін тұстары бар. Олар туралы ақпарат бергенде сақ болу қажет, әйтпесе сол топ өкілі ренжуі не оның құқығы бұзылуы мүмкін. Бұл, бірінші кезекте, сексуалды азшылықтарға қатысты мәселе».

«Біз елде не болып жатқанын білуіміз қажет. Иә, біз бәріміз діндік, ұлттық тұрғыдан алып қарағанда әртүрліміз, алайда бір-бірімізге сыйластықпен қарауымыз керек. Ал БАҚ бұған көмек көрсетуге міндетті».

«Бәрінің де шегі болса дұрыс. Діни не ұлттық азшылықтардың намысына тиетін материал жарық көрсе, ұлтаралық жанжал шығып кетуі мүмкін. Сондықтан, қандай да бір қауіпті дүниені БАҚ-дарына сеніп, тасыруға болмайды».

РЕДАКТОРЛАР МЕН ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ПІКІРІ

Журналистер мен редакторлар бірауыздан аталған азшылықтар туралы ақпарат беру сақтықты және сабырлылықты қажет етеді, себебі мұндай сипаттағы материалдар жауапты іс және оның соңы неге ұласары белгісіз деп жауап берді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі бұл салада шешілмеген мәселелердің бар екенін және оны адами, этикалық, құқықтық, әлеуметтік тұрғыдан қозғау керектігін айтты.

Мұндай тақырыптарды көтеру, жаңа жанжалдарға негіз болып, ескі «жараның» бетін ашатын дәрекілік пен әдепсіздікке жол бермеу үшін, журналистен этностарға, дінтануға, сексуалды азшылықтарға қатысты теориялық дайындықты қажет етеді.

Масс-медиа өкілдерінің жартысы дерлік (48%) азшылықтар мәселесі бойынша ақпарат алуға болатын құқыққорғаушылар мен салалы ҰЕҰ-ды білмейтіндіктерін мойындаған. Енді 40%-ы мұндай ұйымдарға материалмен жұмыс барысында, ақпарат алу мақсатында хабарласқанын көрсетті.

«Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтар туралы материалдарды дайындау барысында негізгі ақпарат көзі кім?» деген сұраққа қатысушылардың 24%-нан астамы құқыққорғаушылар мен салалы ҮЕҰ-дарын көрсеткен, бұл жауап берілген нұсқалардың арасында екінші болып тұр. Бұдан шығатын қорытынды: азшылықтар мәселесі БАҚ тарапынан сұранысқа айтарлықтай ие емес және республикадағы ақпараттық кеңістікте аз көтеріледі.

Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтар туралы материалдарды дайындау барысында негізгі ақпарат көзі кім?



Сұралғандардың 19%-ы діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға байланысты даулы мәселелер БАҚ тарапынан объективті түрде хабарланады деп жауап берді. Кейбір журналистер БАҚ даулы мәселені шешуге ат салысу керек, мұндай жағдайда үндемей қалу не ақпаратты жасыру жанжалдың одан әрі асқынуына әкеліп соғуы мүмкін дегенді айтты. Алайда көп жағдайда БАҚ тек сырттан бақылаушының рөліне енеді не биліктің ресми көзқарасын айтып, сонымен жылы жауып қояды.

Масс-медиа қызметкерлерінің 14 %-ы ғана аталған азшылықтарға қатысты мәселелер аймақтардағы және жалпы Қазақстандағы БАҚ-дарымен кәсіби тұрғыда көтеріледі деген ойда. Қалғандары бұл деңгейге «орташа» және «төмен» деген баға берген. Осыған байланысты сұралғандардың 80%-ы этикаға, дінге, ұлтқа, сексуалды ориентацияға қатысты мәселелер көтерілген тренингтерге қатысуға қызығушылықтарын білдірді.

«Аталған мәселелеге маманданған журналистер тобының болмауына байланысты БАҚ деңгейі төмен. Материалдар кездейсоқ сипатында, жүйесіз, ақпараттық негізге тікелей тәуелді».

«Жергілікті журналистер мұндай мәселелерді көтеруге қажетті деңгейге ие емес, олар көбінесе біржақтылыққа салынып, тұтанған дауды одан әрі қоздырып жібереді».

«...Кәсіби әдіс-тәсіл, білім жетпей жатады. Бұл тақырыпта ЖОО да жөні түзу білім бермейді. Бұл тақырыпқа жазатын журналисте тек практика емес, сондай-ақ, белгілі бір дәрежеде теория да болуы қажет».

Журналистер мен редакторлардың пікірінше, БАҚ ұлттық және діни азшылықтарға байланысты мемлекеттің көзқарасын ұстанып отыр, бұл тек мемлекеттік емес, жекеменшік БАҚ-дарына да тән. Аталған тақырыптарға қатысты ақпараттық кеңістікті түзуде мемлекеттік тапсырыс айтарлықтай ықпалға ие, ол мемлекеттің ұлттық бірлік және діни толеранттылық саясатымен үндес азшылықтар мәселесі бойынша жағымды сипат қалыптастырады.

БАҚ арасындағы мемлекеттік тапсырысты алушылардың артып келе жатқанын және азшылықтар мәселесін көтерудегі журналистердің сақтығын ескерсек, ақпараттық кеңістіктің кем дегенде бейтарап түрде қалыптасатынын болжауға болады.

БАҚ-НА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ: МЫСАЛДАР

БАҚ МОНИТОРИНГІ

(2010 жылдың наурыз-тамызы және 2010 жылдың қыркүйек-қарашасы)

Мониторинг талдау, сараптау, түрлі уақытта ақпарат беру сипатының қалай өзгергендігін анықтау үшін, Қазақстан аймақтарында 2 кезеңмен жүзеге асты. Этникалық, діни және сексуалды азшылықтар мәселесі бойынша айтарлықтай сандық және сапалық өзгерістер байқалмағанын айта кету керек. Жалпы мониторинг қорытындысы жоғарыда, зерттеуде көрсетілген сарапшылардың бағалауымен сәйкес келді.

Мониторинг нәтижесі бойынша этникалық, діни және сексуалды азшылықтар жайында ақпарат таратуда БАҚ-дарының даулы жағдайларға көп жолай бермейтіндігін көруге болады. Материалдардың көпшілігі не бейтарап, не жағымды сипатта. Діни азшылықтарға деген жағымсыз сипат ұлттық азшылықтарға қарағанда жарияланымдарда жиірек кездеседі. Сексуалды азшылықтар тақырыбы оқшау тұр. Бұл тақырып журналистердің көпшілігі үшін жабық күйде қалып отыр. Қазақстандық журналистер сексуалды азшылықтар жайында тым жағымсыз сипатта хабар береді. Ал басқа түрдегі жарияланымдар шетелдік басылымдардан аударылып басылған материалдар болды.

Төменде Қазақстан аймақтарында өткен мониторингтан жағдайға аз-кем сипат береді-ау деген үзінділер беріліп отыр.

Қарағанды

Жүргізілген зерттеу аясында 5 басылым талданды. Алынған ақпараттың бәрін сараптау әдісі арқылы келесілер анықталды: зерттелген басылымдардың бәрінде ұлттық, діни азшылықтар, өзге де діни бірлестіктер мәселелері көтеріліп отырған. Сексуалды азшылықтар тақырыбына байланысты жарияланым бірде-бір басылымда кездеспеді. Бұл тақырыпты журналистер айналып өтеді, не бейтарап сипаттағы жарияланымдар береді.

Ұлттық азшылықтар – 24 мақала.

Олардың біреуі жағымсыз сипатты – 1 материал.

Мысал. «Вечерняя Караганда» апталық газеті,
28 шілде 2010 жыл. № 30.

Айнұр Балакешованың мақаласы. «Тіл дауға әкеледі» жарияланымы Баянауылда болға жанжалға байланысты жарық көрген. Қарағандылық ғылыми-өндірістік институт директорының жүргізушісі демалыс үйінің асханасында бір топ жасөспіріммен төбелескен. Төбелеске себеп жүргізушінің жастардан *неміс тілінде* сөйлеуін доғарып, *қазақ тілінде* сөйлесін деп талап етуі болған.

Діни азшылықтар – 31 материал.

Жағымсыз сипатты материалдар саны – 5.

Мысал. «Авитрек» республикалық апталық газеті, 26 мамыр 2010 жыл. № 21.

Наталья Сейдаметова «Жалаңаш *Анастасия құрбаны*» мақаласында Қарағандыға «*Анастасия*» қозғалысы атты жаңа сектаның келгені жайында айтады. Мақала авторы азаматтарды сақ болуға, секта шырмауына түспеуге шақырып, дабыл қаққан. Жақын не таныс адамның секта ықпалына түскен-түспегенін анықтау үшін қажетті кеңестер береді.

Сексуалды азшылықтар – бейтарап сипаттағы 1 материал

2010 жылдың қыркүйек-қарашасында ұлттық, діни азшылықтар, өзге де діни бірлестіктер мәселелеріне «Индустриальная Караганда» басылымының журналистер ғана тоқталған (**18 мақала**). Жоғарыда көрсетілген өзге басылымдар аталған тақырыпқа қайта оралмаған.

Шымкент

Ұлттық азшылықтар. Екі мониторинг нәтижесі бойынша аймақтық газеттерде ұлттық азшылық тақырыбын қамтыған 46 материал жарық көрген. Мақалалар, негізінен, ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысына, жекелеген ұлт өкілдеріне не отбасыларын арналған, бейтарап не жағымды сипатта жазылған. Мұндай сыңайдағы мақалаларды, әсіресе, мемлекеттік басылымдар, мемлекеттің ұлтаралық келісім саясатын насихаттап, жариялап отырған.

Діни азшылықтар. Мониторинг қамтығын кезеңде, газет бетінде бар-жоғы 7 мақала жарық көрген. Аталған топқа байланысты бұл жарияланымдардың 3-еуі жағымсыз сипаттағы ақпарат берген. Мәселенің көтерілуі субъективті, эмоционалды түрде, діни ұйымдар өкілдерінің пікірін ескерместен жүргізілген.

Сексуалды азшылықтар тақырыбына көрсетілген уақыт аралығында бірде-бір газет жарияланым арнамаған. Ал қазақтілді бір газеттің редакторы әңгіме барысында жобаның аймақтық үйлестірушісіне осы топтың өкілдерінің «быт-шытын шығаратынын» жеткізген. Бұл сексуалды азшылықтарға деген жағымсыз сипатты білдіреді.

Астана

Мониторинг жүргізу үшін орыстілді 4 басылым таңдалынып алынды: «Акмолинская правда», «Инфо-Цес», «Вечерняя Астана», «Целина».

Тақырып бойынша материалдар: ұлттық азшылықтар – 101; діни азшылықтар – 30; ЛГБТ-қауымдастық - 8

Ұлттық азшылықтарға қатысты жарияланымдардың көпшілігі қалалық «Инфо-Цес» апталығына тиесілі. Бір тақырып өзге тақырыптардан артығырақ кездесе қоймады, бірақ жарияланымдарда жиірек кездесетін тақырыпты атай өтсе болады. Ұлтаралық тақырып негізінен жағымды сипатта болады, мұндай материалдар, мысалы, Қазақстан халқының бірлігінің Күні немесе Славян жазуының Күні секілді мерекелерге орай жазылған.

Ұлттық азшылықтар тақырыбы діни бірлестіктер мен олардың ықпалы, экстремизм және діни мейрамдарды қамтиды. «Жалған діни» бірлестіктер тақырыбы негізінен басылымдарда жағымсыз сипатқа ие. Бұл бағыттағы материалдар саны – 6.

Ұлттық азшылықтар тақырыбына қатысты жарияланымдардың басым бөлігі қалалық «Инфо-Цес» апталығына тиесілі. Бір тақырыптардың басқаларға қарағанда көбірек қозғалуы байқала қоймады, алайда кейбірін бөле-жара атай кеткен дұрыс болар. Этникааралық тақырып негізінен жағымды сипатта қозғалады, мәселен, Қазақстан халықтарының достастығы Күні немесе Славян жазуы Күні секілді мерекелер жайлы ақпарат беріледі.

ЛГБТ-қауымдастық тақырыбына біршама жарияланымдар бар. Олардың бәрі «Инфо-Цес» апталығында жарияланған. Жарияланымдар сипаты негізінен бейтарап, екі материал жағымды түрде берілген, ал жағымсыз сипаттағы мақалалар жоқ. Материалдардың барлығы шетелдік болмыспен байланысты.

Қазақтілді БАҚ-дарына мониторинг жүргізуге облыстық «Арқа ажары» және астаналық «Астана ақшамы» апталығы алынды.

Ұлттық азшылықтар тақырыбы бойынша жарияланымдар саны – 7. Материалдардың бәрін жағымды және бейтарап сипатта деп бағалауға болады. Дін және діни азшылықтар тақырыбы бұл басылымдарда жиі көтерілмейді екен. Жарияланымдар саны – 6. Негізгі тақырып – діни мейрамдар, рухани бағыт, алдағы саммит. Материалдар бейтарап сипатқа ие.

Көрсетілген уақыт аралығында ЛГБТ-қауымдастыққа қатысты мақалалар аталған басылымдардан табылған жоқ.

Республикалық БАҚ-дарына жүргізілген мониторинг

Мониторинг барлық қазақтілді және орыстілді БАҚ түрлері – мерзімді баспасөз, онлайн, ТВ – бойынша жүрді.

Аймақтық масс-медиадан бір ерекшелігі республикалық орыстілді баспасөз зерттеу қамтыған азшылықтар бойынша тең дәрежедегі

материалдар берген. Осыған қарамастан, сексуалды азшылықтарға деген жағымсыз сипаттағы материалдар санының көптігі теңденциясы байқалады.


Қазақтілді баспасөзде жағымсыз сипаттағы материалдар саны айтарлықтай көп, ұлттық азшылықтар бойынша ол жалпы жарияланымдар санының шамамен үштен бір бөлігін қамтыса, діни азшылықтар бойынша бұл көрсеткіш 50%-ға тең, ал сексуалды азшылықтар жайлы жағымсыз сипаттағы жарияланымдар материалдардың жалпы санының жартысынан астам.

ОРЫСТІЛДІ БАҚ


Азшылықтарға қатысты БАҚ үндестілігі

Мониторинг қамтыған уақыт аралығында жарық көрген материалдар саны *.

Ұлттық азшылықтар - 116 Діни азшылықтар - 106 Сексуалды азшылықтар - 110



БАҚ-дарындағы материалдар саны




* Веб-ресурстарда көшірмесі бар материалдар да статистикаға енгізіліп отыр

ҚАЗАҚТІЛДІ БАҚ


Азшылықтарға қатысты БАҚ үндестілігі

Мониторинг қамтыған уақыт аралығында жарық көрген материалдар саны

Ұлттық азшылықтар - 192 Діни азшылықтар - 140 Сексуалды азшылықтар - 28



БАҚ-дарындағы материалдар саны



Сарапшылар этика нормалары және азшылықтарға қатысты құқық бұзылды деп бағалаған, республикалық БАҚ-да жүргізілген мониторингтан цитаталар

| ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАР | |
|---|---|
| Басылым, жарық көрген айы-күні | Тақырыбы, материалдан цитата, сілтеме |
| <p>«Рика-ТВ» телеарнасы 22.06.2010</p> | <p>Батыс ІІД қызметкерлері Тәжікстаннан келе жатқан кезекті есірткі тасымалдаушысын көлікте ұстады</p> <p>Бұл жолғы тасымалдаушы әйел екен. Оның жүгінен полицейлер есірткінің ірі партиясын тапты. 1973 жылы туылған күдікті жолаушыны Атырау облыстық арнайы бөлім қызметкерлері ұстаған. Ол «Худжан-Саратов» пойызында кетіп бара жатқан екен. Канибадам тәжік қаласының тумасы Ресей астанасына бетке алыпты...</p> <p>http://rikatv.kz/modules.php?name=News&file=article&sid=5833</p> |
| <p>The News Қазақстан-дық жаңалықтар агрегаторы 27.10.2010</p> | <p>Қазақстанда орыс саясаткерді жұмыртқамен атқылады</p> <p>«Желтоқсан-86» басшысы Гүлбаһрам Жүнісованың агенттікке айтып бергеніндей, осылайша ұлтшылдар Козловтың 2012 жылы Қазақстан президенті сайлауына қатысамын деген жоспарына жауап қайтарған. Олардың ойынша, Козловтың мұндай қадамға баруға құқығы жоқ, себебі оның ұлты – орыс.</p> <p>http://thenews.kz/2010/10/27/584951.html</p> |
| <p>«Қазақстан-заман» газеті 15.07.2010</p> | <p>Өскеменнің орыс жікшілдері тағы да өреки бастады</p> <p>Оқып отырсаңыз, тіптен масқара! Бұл «ұлтжанды» топтар Шығыс Қазақстанда орыстардың және орыстілді ұлттардың күн көруі қиындап, қыспақ пен қудалауға алынып жатыр деп байбалам салған. Олардың айтуынша, билік басында қызмет атқарған орыс ұлттылар жұмыстарынан қуылуда, орыстарға мемлекеттік тіл — қазақ тілі күштеп оқытылуда және бұл халықтың салт-дәстүрлерін сақтауға жете мән берілмеуде.</p> |

| | |
|---|---|
| | <p>... Басқа жерді білмейміз, дәл Шығыс Қазақстанда орыс халқы мен орыстілді ұлттардың қыспаққа алынып отырғанын еш уақытта көргеміз жоқ... супермаркеттер мен ірі сауда кешендерінің көпшілігі орыстар мен орыстілді ұлттардың иелігінде... Іштеріндегі маскүнемдер, арамтамақтар, қылмыстық топтарға жататындар болмаса, бас-басында бірді қойып екіден, үштен пәтерлері бар.</p> <p>http://kazakzaman.kz/kz/newsDetail_getNewsById.action?archiveDate=%3FarchiveDate&newsId=52935&columnistId=0</p> |
| <p>«Жас Алаш» газеті, 08.07.2010</p> | <p>Айқайшыл ұйым, астам пікір ел арасында жік салуды көздейді</p> <p>Өскеменнің қақ ортасында тұрған Лениннің ескерткіші алынып, орнына Абайдың ескерткіші орнатылғаны да орыстар мен орыстілділердің көңіліне жақпапты.</p> <p>Олардың бұл қылығын қалай түсінуіміз керек? «Асыңды ішейін...» дегендері ме? Әлде Абайды мойындамағандары ма? Ондай болса олардың Абайды мойындамағаны – қазақты мойындамағаны емес пе?...</p> <p>Айдың-күннің аманында мұндай бүлік шығарып жүргендерді Қазақстан билігі жауапсыз қалдырмауға тиіс... Салмақты, салиқалы жауап. Орыс ағайындар ендігәрі Абай мен қазаққа тіл тигізуге сескенетіндей жауап. Тәуелсіздігімізді мойындататындай жауап.</p> <p>http://zhasalash.kz/sayasat/2259.html</p> |
| <p>«Абай.кз» ақпараттық порталы 09.08.2010</p> | <p>Орыстар кетіп жатыр. Жолдары болсын!</p> <p>Сонымен орыстар көшіп жатыр. Ол көшті орыс ұлтшылдары да, орысқа жағайымсып отыратын қазақстандық билікте тоқтатуға шарасыз. Сондықтан тек «ұлы көш» іркілмесін деп қана тілейік.</p> <p>http://abai.kz/content/deuren-kuat-orystar-ketip-zhatyr-zholdary-bolsyn</p> |

Сарапшы пікірі:

Жоғарыда келтірілген тақырыптардың арасындағы «Батыс ІІД қызметкерлері Тәжікстаннан келе жатқан кезекті есірткі тасымалдаушысын көлікте ұстады» деген тақырыпты этникалық азшылыққа (олардың мәселелеріне, проблемаларына) қатысы бар деп айту қиын болар. Екінші жағынан тура осы сипаттағы материалдарды БАҚ-дарында жиі кездестіруге болады, олар қылмыс жаңалықтарында жиі байқалады және дәл осындай жарияланымдар белгілі бір этникалық топқа деген жағымсыз көзқарас қалыптастыруға үлес қосады. Бір қарағанда, мұндай жарияланым елеусіз болып көрінуі мүмкін, алайда ол туғызатын іс-әрекеттерді жете бағаламауға болмайды. Оларға ешкім назар аудармауы мүмкін, алайда қоғамдағы ұлттық топтың жағымсыз бейнесін қалыптастыруда осындай жарияланымдар белгілі бір рөл ойнайды. Қылмысқа нақты бір этникалық топ емес, кез келген ұлт өкілі баруы мүмкін. Сондықтан, заңға қарсы қадам жасады деп күдікті болған адамның ұлтын бөле-жара атауға болмайды. Заң тұрғысынан алып қарасаңыз да, мұндай сипаттағы сөздер күдікті ретінде ұсталған адамның кінәсіздігі принципіне нұқсан келтіреді. «Адам сот дәлелдемейінше қылмыскер болып табылмайды».

Ұлттық/этникалық тақырыпқа жазып жүрген өзге авторлардың басты проблемасы ұлттық азшылықтарға қарсы шеттету сипатындағы сөздер айту болып табылады. Жоғарыда келтірілген материалдардың көпшілігі де осы қатарда.

Виктория Тюленева, Қазақстандық адам құқығы және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюроның Құқыққорғау орталығының жетекшісі

ДІНИ АЗШЫЛЫҚТАР

| Басылым, жарық көрген айы- күні | Тақырыбы, материалдан цитата, сілтеме |
|---|--|
| <p>«Актобе таймс» газеті 24.06.2010</p> | <p>Мектеп формасының орнын хиджаб баса ма?</p> <p>...Талқылауға саяси партиялар жетекшілері, атқарушы және құқыққорғау органдарының жетекшілері мен діни бірлестіктер қатысты. Қатысушылар облысымызда дәстүрлі емес діни ұйымдардың таралуына байланысты алаңдаушылығын білдірді. Облыстық орталық «Нұр ғасыр» мешітінің бас имамы Бауыржан Есмахан секталардың осылайша етек жаюының себептерінің бірін айтып өтті...</p> <p>http://aktobetimes.kz/content/view/1108/140/</p> |
| <p>Азаттық радиосы 25.03.2010</p> | <p>Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінен діни азшылықтардың жағдайы жақсара қойған жоқ</p> <p>....Қарағанды сотының шешімімен сайентологтар шіркеуі жабылды. Құқыққорғаушылар мен шіркеу өкілдерінің айтуынша, айтылған айыптауларда еш негіз болмаған. Сот үкім шығарарда басшылыққа алған сараптама шындыққа сәйкеспейді дейді сайентология шіркеуінің қоғаммен байланыс маманы Еділ Елібаев.</p> <p>- Түсініксіз сараптама, түсініксіз сарапшы мамандар. Пункттің бірінде шіркеу халыққа немесе мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруде деп көрсетілген. Бірақ, кішкентай болсын дәлел келтірген жоқ. Куәгерлер де болмады. Ал біздің айтқан уәждерімізге ешкім құлақ асқан жоқ, - дейді Еділ Елібаев Азаттық радиосына.</p> <p>...Атырау облысында иегова қауымы жеті жыл бойы тіркеуден өте алмай жүр. Қауымға заңсыз жиналыс өткізді деген желеумен бірнеше рет айыппұл салынған болатын. Тек 2009 жылы ғана иеговашылар көптен күткен тіркеуіне қол жеткізді...</p> <p>...- Жергілікті билік кришнаиттерге қарсы кампания бастап кетті. Баспасөз бен телеарналар бұл ұйымның заңнан тыс әрекет жасап жүргендігін көрсетіп жатыр. Автобусқа отырғызып жергілікті тұрғындарды алып келеді, олар кришнаиттерге қарсы бұл жерден кетіңдер деген сыңайдағы митингке ұқсас жиындар өткізіп, айқайлап жүреді, - дейді Андрей Гришин...</p> |

| | |
|--|---|
| <p>Азаттық радиосы 25.03.2010</p> | <p>...- Жерді өмір сүру мүмкін емес не қу даладан, не бұрынғы қоқыс орындарынан ұсынды. Кришнаиттер мұндай «сыйлықтан» бас тартты. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға болуы мұң екен, шарушылық-діни дау басылды да қалды, - дейді құқыққорғаушы.</p> <p>http://rus.azattyq.org/content/religion_minority_pressure/1993096.html</p> |
| <p>The News Қазақстан-дық жаңалықтар агрегаторы 26.08.2010</p> | <p>ҚАЗАҚСТАН – Журналистерді жұмыс үстінде ұстауда</p> <p>Алматыда бүгін тіркелмеген «Сенім.Білім. Өмір» діни ұйымының жетекшісі Исматулла Мақсұмға қарсы өткізілген сот процесіне келген бір топ тілшілер ұсталды. Себебін түсіндірмей, оларды ұстап, Алматы ішкі істер басқармасына алып келді. Ол жерде журналистерден түсініктеме талап етіп, саусақ белгілерін алған, бұдан кейін, тілшілердің өздерінің айтуынша, полицейлер олардың жеке заттарын қарап, суретке түсіріп алған. «Алаш айнасы», «Үш қиян», «Дорожный патруль», «Орда. Kz» және «Азаттық» радиосының журналистері ол жерде шамамен екі жарым сағат отырыпты. Оларды босатқан кезде, сот отырысы аяқталған еді...</p> <p>http://thenews.kz/2010/08/26/503004.html</p> |
| <p>«Акмолинская правда» облыстық қоғамдық-саяси газеті 01.04.2010</p> | <p>Иегова куәгерлері дегеніміз кімдер?</p> <p>... Олар Иегова куәгерлерінен басқа кез келген дін «таза кокаин» дегенді айтады. Православ христиандар олар үшін Құдайын сатқандар және өтірікшілер, ал олардың салттары «көне жалған діндерден» бастау алады. Иеговошылардың журналдарында, «христиан әлемі және өзге де жалған діндер толығымен жойылады» деген сөздер жүреді. «Бұл – Иегованың жалған ұстаздарға шығарған әділ үкімі. Және бұл үкім орындалады.»</p> <p>...Әлемді жек көруді наисхаттау және «бәрін сүйетін Иегова шараларын» уағыздау адамды қарама-қайшылыққа әкеледі, ал бұл психикалық аурудың басы...</p> <p>http://akmolinka.narod.ru/n034_01_04/delo.htm</p> |

| | |
|--|--|
| <p>«Үш қиян» республикалық газеті, 03.06.2010</p> | <p>Жолдан қосылған «Жолдыбайшылар» кімдер?</p> <p>Ғылыми еңбектерде «Әл-Қаида», «Талибан», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Орталық Азия моджахедтер жамағаты», «Хизб-ут Тахрир», «Таблиғи жамағат» сияқты лаңкестік ұйымдардың идеологиялық платформасы салафизм болғаны толық дәлелденген.</p> <p>http://ushkiyan.kz/?p=2609</p> |
| <p>«Абай.кз» ақпараттық порталы, 04.06.2010</p> | <p>Осылай «тану» керек пе еді?!</p> <p>Қазіргі күні елімізде ислам атын жамылған «салафилердің», олардың шектен шыққан бөліктері –«тәкфиршілер» мен «жихадшылар» сияқты топтар мен момақан болып көрінгенімен жастарды шетелдерге апарып, оқытып, санасын улап жатқан «таблиғи жамағат» өкілдері туралы, «халифат құрамыз» деп бүлік салып жүрген «хизб ут-тахрир» туралы бір ауыз сөз жоқ.</p> <p>www.abai.kz/content/dintanu-negizderin-osylai-tanu-kerek-pe-edi</p> |
| <p>«Әли-Бекен» мешітінің сайты, 29.03.2010</p> | <p>Салафилердің сипаты</p> <p>Бұл ағым «Хизб-ут-Тахрир» діни-саяси ұйымы сияқты көнеден сыр шертетін тарихымызды, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жоққа санап еліміздің киелі орындарын тып-типыл етіп, жермен-жексен етуді көздейді.</p> <p>http://islam.com.kz/blog/salafilerdi_sipaty/2010-03-29-101</p> |
| <p>The News Қазақстан-дық жаңалықтар агрегаторы, 03.03.2010</p> | <p>Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан: жатжұрттық діни миссионерлер еліміздегі жас ұрпақтың санасын улап жатыр!</p> <p>Пиғылы бөтен жатжұрттық діни миссионерлер барған сайын еліміздегі жас ұрпақтың санасын улай түсуде. Олар тіпті қазір өз саясатын мектеп оқулықтары арқылы жүргізуге көшкен. Осы мәселеге орай, Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан тиісті ведомстволарға сауал жолдады.</p> <p>http://thenews.kz/2010/03/03/274760.html</p> |

Сарапшы пікірі:

1 цитата

Google іздеу жүйесі «<http://aktobetimes.kz/content/view/1108/140/> - did not match any documents» деп тұр, сондықтан мақалада нақты қай «дәстүрлі емес діни ұйымдар» және «секталар» туралы әңгіме болып отырғандығын анықтау мүмкін емес.

ҚР заңнамасында «дәстүрлі емес діни ұйымдар» немесе «секталар» деген түсініктер жоқ. Алайда мұндай терминдерді БАҚ, өздерін «дәстүрлі дін» (ҚМДБ жүйесіндегі сүннеттік ислам, орыс православ шіркеуі, иудаизм) өкілдеріне жатқызатын дін қызметкерлері және ресми тұлғалар жиі қолданады және ол жағымсыз сипатта, қауіпті, қатер әкелетін, күресу керек дүние ретінде келеді.

ҚР Конституциясы ар мен дін еркіндігіне, ұстанған тұжырымынан тәуелсіз түрде заң алдында бәрінің тең екендігіне кепілдік береді және қандай негіз болмасын дискриминацияға тыйым салады (4,5,14,19,22,39 баптар).

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңы азаматтар мен діни бірлестіктердің заң алдында тең екенін кепілдік береді және қандай да бір дінге жататындығына қарамастан құқықты тікелей не жанама түрде шектеуге немесе осыған байланысты жек көрушілік, жаулық пиғыл туғызуға, болмаса қандай да бір діннің ерушісін қорлауға тыйым салады.

2 цитата

«Азаттық» радиосындағы мақала Forum18.org сайтындағы ағылшын тіліндегі мақаланың қысқартылған аудармасы. Мақалада кейбір діни бірлестіктерге қарсы діни сенім бостандығының бұзылуы сөз болады.

Алайда аударма кезінде қателер жіберілген, иеговшылар «Иегова куәгерлері», «саентологтар шіркеуі» «Саентология шіркеуі», кришнаиттер «Кришнаны тану қоғамы» немесе «Вайшнавар» болып кеткен. Атаудың бұрмаланғаны әдетте діндар адамның көңіліне қаяу түсіреді. Егер мақала жазу барысында анықтамалық әдебиет қолданса немесе маманнан кеңес алса, бұдан шығар жол бар.

3 цитата

Ұсынылып отырған үзінді биліктің журналист жұмысына кедергі келтіріп, заңды белден басқаны сипатталады. Ісі сотта қаралуы тиіс азамат Исмадулла Мақсұм, тіркелмеген «Сенім. Білім. Өмір» діни ұйымының жетекшісі деп аталды. Айып туралы сөз қозғамай, мақала авторы азаматтың қандай діни бағытта екендігіне назар аударады және оның

тіркелмеген екенн атап өтеді. Соңғы сөз шындыққа сай емес, «Сенім. Білім. Өмір» қоғамдық бірлестік болып табылады және қоғамдық қор деген заңды мәртебесі бар. Нақты емес, бұрмаланған, жағымсыз әсер тудыратын ақпаратты берудің кең тараған түрі.

4 цитата

Аталған мәтін бойынша авторға белгісіз себеппен ҚР әділет министрлігінде тіркелген және республикалық Орталығы бар «Иегова Куәгерлерінің» ұнамайтынын байқауға болады. Алайда, газет арқылы тараған, діни сенімге негізделген автордың жеке пікірі заңда бойынша «араздық тудыру» және «артықшылықты насихаттау» айыптарымен қарастырылады.

5, 6, 7 цитаталар

Ғылым тек материалды ақиқатты түсіндіреді, оның өзінде ол бәрін бірдей қамти алмайды... Ал идеологияға келсек, шын мәніндегі «ақиқат ғылым» маркстік-лениндік идеология болатын... Әлемді танып-білу философиясының бір бөлігі ретінде теология да әртүрлі. Қанша теолог болса, сонша теология бар. Адамзат мәдениеті діннен бастау алған, алайда қазір атеистер мұнымен келіспей жүр. Бүгінгі күні әлемде діни сенім (не оның жоқтығы) адам құқығының ажырамас бөлігі, «жаман» не «жақсы» діндер болмайды дегенмен келіседі. «Кінәліні» табуға жасалған әрбір қадамның еш мағынасы жоқ.

8 цитата

Миссионерлік қызмет дін еркіндігінің ажырамас бөлігі және ол «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңының 1-1 және 4-1баптарымен кепілдендірілген. Миссионерлік қызметті шектеуге шақыру ҚР Конституциясының 39 бабы тыйым салатын ар еркіндігін шектеу болып табылады.

Нинель Фокина,

Алматы Хельсинки комитетінің төрайымы

| ЛГБТ | |
|---|--|
| Басылым, жарық көрген айы-күні | Тақырыбы, материалдан цитата, сілтеме |
| Азаттық радиосы 22.09.2010 | <p>Депутат Тілеухан инцест және басқа да азғындау түрлерін «біздің қоғам» имиджінен алып тастады</p> <p>...Бұрынырақта, ол «Келін», «Кайрат – чемпион. Девственник №1», «Ирония любви» фильмдерін сын астына алған болатын. Оның сөзіне қарағанда, аталған фильмдер «жүрісі жеңіл келіндер, лебиянкалар мен қызтекелер» тұратын Қазақстан образын жасайды...</p> <p><i>http://rus.azattyq.org/content/bekbolat_tleukhan_criticizes_tv_show/2165364.html</i></p> |
| «Жас Қазақ үні» газеті 29.10.2010 | <p>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЕКСУАЛДЫ революция</p> <p>...Кеңес одағы кезінде Батыстың шіріген, зиянды ықпалы делініп келген дүниенің бәрі бүгін біздің «жетістігіміз». Тек гей-парадтар өткізілмейді, жезөкшелер үйі ашық түрде ашылмайды және біржынысты неке ресми түрде қиылмайды демесеңіз...</p> <p>...Бұл еуропалық отбасылық институттың құлдырауын көрмеу деген сөз: дәстүрлі емес ориентация өкілдерінің қарқынмен өсуі, ресми түрде ашылған жезөкшелер үйі және біржынысты неке, педофилия, порноиндустрияның дамуы және т.б. ...</p> <p><i>http://jasqazaquni.kz/?p=4234</i></p> |
| «Взгляд», іскери газеті №37 (173) 21.10.2010 | <p>Боливар үшеуге шыдас бере ме?</p> <p>Бірпартиялы парламент – біржынысты неке секілді азғындау түрі</p> <p>«Нұр Отан» партиясымен тағы да жарты ғасыр өмір сүреміз бе, әлде халықтың мүддесіне қызмет ететін «жаңа ойыншылар» пайда бола ма? Шын мәнін де күрес жүре ме әлде сайлау қорытындысы белгілі, ал партиялық организациялар керемет қарқынды жұмыс сиқын жасай ма?</p> <p><i>Продублировано: http://www.respublika-kz.info/news/politics/11274/</i></p> |

| | |
|---|---|
| <p>Газета «Экспресс-К», № 186 (17058) 08.10.2010</p> | <p>Педерасттар – қыздардың ең жақсы достары</p> <p>Журналист және пиаршы Жанна Прашкевичі (суретте) сексуалды азшылықтарға жатады, порножұлдыз карьерасын жасамақ деп айыптады...</p> <p><i>...Сізге кім шабыт береді?</i></p> <p>– Бұған біржақты жауап беру қиын. Шабыт көзі тек жақын адам емес, жұмыс та бола алады... Дәстүрлі емес сексуалды ориентациядағы достарыма да мен көп өлең арнадым...</p> <p><i>www.express-k.kz/show_article.php?art_id=44312</i></p> |
| <p>nomad.su интернет- порталы 12.11.2010</p> | <p>Желтоқ және сан</p> <p>...Сонда оппозиция Н. Назарбаевқа қарсы адамдардың бәрін қолдайды ғой? Мәселен, ертең педофилдер мен гомосексуалистер билікке қарсылық білдіріп, көшеге шықса, оппозиция сонда оларды да қолдай ма?</p> <p>Үзінділер «Жас қазақ» газетінің 2010 жылы 5 қарашада шыққан № 43 (303) нөмірінен алынды</p> <p><i>Ақпарат көзі: : www.better.kz http://www.nomad.su/?a=3-201011120022 Көшірме жасалған: http://thenews.kz/2010/11/12/607119.html</i></p> |
| <p>«Жас Казак ұны» газеті № 41-42 01.11.2010</p> | <p>Қазақстандағы сексуалды революция. Европалық махаббат сабақтары: қызтекелер мен лесбиянкалардан үйренеміз</p> <p>...Бұл еуропалық отбасылық институттың құлдырауын көрмеу деген сөз: дәстүрлі емес ориентация өкілдерінің қарқынмен өсуі, ресми түрде ашылған жезөкшелер үйі және біржынысты неке, педофилия, порноиндустрияның дамуы және т.б. ...</p> <p>... Батыста бұған сексуалды революция қосылды, жеке тұлға еркіндігі деген желеумен отбасылық институты құлап тынды: қызтекелер мен лесбиянкалар ұрпақ жалғастыра алмайды, оларға бала қажет емес.</p> <p><i>Көшіріліп басылған: http://www.altyn-orda.kz/kazpressreview/seksualnaya-revolyuciya-v-kazaxstane-i-evropejskie-uroki-lyubvi-uchitsya-u-geev-i-lesbianok/</i></p> |

| | |
|---|---|
| <p>«Алаш айнасы» республикалық газеті, №141 (367) 19.08.2010</p> | <p>Жеңгелер міндетін ұмытқалы қыздарымыз қартайып барады</p> <p>Оның үстіне, бүгінгідей жаһандану дәуірінде үй болып, отау тігу, бала сүю секілді заңдылықтар керісінше насихатталып, батыстық анайы, біржыныстылық халық арасында кең етек жайып барады. Бір кездері Алматыда ұйымдастырылмақ болған гей-парад соның бір айғағы.</p> <p><i>http://alashainasy.kz/society/9418/</i></p> |
| <p>«Жетісу» облыстық газеті, 27.03.10</p> | <p>Намыс Ар мен Ұят тірегі</p> <p>Ата-ана мойнындағы аса жауапкершілікті сезінбеуден қыздарымыз жартылай жалаңаштанды. Ұлымыз қызтеке, қызымыз еркекшораға айналды.</p> <p><i>http://zhety-su-smi.kz/index.php?name=News&op=printpage&sid=439</i></p> |
| <p>«Заң» газеті, 16.06.2010</p> | <p>Кәрі құрлық құрдымға құлап барады</p> <p>Хиджабқа қарсы күрес басталған Францияда бүгінгі күні гомосексуализм кеңінен таралған. Парижде әрбір төртінші еркек – қызтеке...</p> <p><i>http://zan.zanmedia.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=890:2010-06-16-05-29-33&catid=83:1&Itemid=17</i></p> |

Сарапшы пікірі:

«Педерасттар – қыздардың ең жақсы достары». «Педераст» сөзін автор өзінің түсініксіз ойын жүзеге асыру үшін қойған секілді, себебі материалда мақала кейіпкері ЛГБТ өкілдері туралы бір ауыз ғана сөз айтып кетті: «Дәстүрлі емес сексуалды ориентациядағы достарыма да мен көп өлең арнадым...» Осы сөйлем журналисті осындай әдептен тыс жолмен мақалаға оқырман тарту үшін «шабыттандырса» керек.

Жалпы материалдар тексерілмеген фактілерге, жалған сараптамалық ойларға, болжамдарға толы. Оған мысал, 2010 жылы 19 тамызда жарық көрген «Алаш айнасы» газетінің 141 (367) нөмірі. «Жеңгелер міндетін ұмытқалы қыздарымыз қартайып барады»...«Оның үстіне, бүгінгідей жаһандану дәуірінде үй болып, отау тігу, бала сүю секілді заңдылықтар

керісінше насихатталып, батыстық анайы, біржыныстылық халық арасында кең етек жайып барады. Бір кездері Алматыда ұйымдастырылмақ болған гей-парад соның бір айғағы»... Бірде-бір бастамашыл топ не ұйым Алматыда аталған шараны өткіземіз деп ресми мәлімдеме жасаған емес. Газет редакциясына ақпаратты оқырманға ұсынар алдында тексеріп алған дұрыс болар деп ақыл айтқымыз келеді.

*Валентина Рагоза,
«Амулет» қоғамдық бірлестігінің директоры*

ҰСЫНЫСТАР

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА

- Масс-медиа мен тұрмыста азшылықтар құқығының бұзылуы мен оларға деген дискриминациялық қарым-қатынасқа мониторинг бойынша қоғамдық комиссия құру. Жұмысқа республикалық және аймақтық деңгейдегі қызығушылық танытқан жақтарды тарту
- Азшылықтардың құқығының сақталуы мен оларға деген ақпараттық кеңістіктің үндестілігін талқылау мақсатында тұрақты түрде жұмыс істейтін диалогтық алаң құру. Талқылауға парламент депутаттарын, масс-медианы, үкіметтік емес ұйым өкілдерін тарту
- Журналистиканы оқытатын ЖОО-дарының бағдарламаларына қазақ және орыс тілдерінде, азшылықтардың құқығын қорғау және олардың мәселелерін БАҚ-дарында толерантты түрде көтеру бойынша арнайы курстар енгізуге бастамашы болу
- БАҚ-дарындағы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде азшылықтар мәселесіне байланысты байқаудың мақсатын айқындау
- Азшылықтардың масс-медианың жалпы ақпарат беру сипатының құрылуына қалай әсер ететіндігін білу мақсатында, мемлекеттік қазақтілді және орыстілді БАҚ-дағы азшылықтар мәселесі көтерілген жарияланымдарға мониторинг жүргізіп, оларды сараптап отыру.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА

- Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты жандандыру. Масс-медианы азшылықтарға деген толерантты қарым-қатынастың стратегиялық маңызын түсінуге арналған бастамалар мен шаралар жайында құлағдар етіп отыру
- Әр топқа байланысты масс-медиаға арналған терминологиялық жетекшілік құрал жасау
- Масс-медиа арасында азшылықтардың құқығын қорғау мәселелері бойынша қолданбалы сипаттағы оқыту әдебиетін тарату
- Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып масс-медианың кәсіби деңгейін арттыру

- Қоғамның ақпараттық деңгейін арттыру мақсатында азшылықтар мәселесінің БАҚ-да көтерілуіне мониторинг жүргізіп, сараптама жасау
- Интернет мүмкіндіктерін, блогтарды, форумдарды, әлеуметтік желілерді азшылықтар мәселесі бойынша сараптамалық баға беру және оларға деген толерантты қарым-қатынас орнату мақсатында белсенді түрде пайдалану
- Мүдделі топтардың, ҰЕҰ, БАҚ, азшылық өкілдері, мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, азшылықтар мәселесін талқылауға арналған «дөңгелек үстелдер», «конференциялар», «семинарлар» өткізу.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА

- Азшылықтар жайында ақпарат берудің қиындығын ескере отырып, материалмен жұмыс барысында азшылықтардың тарихи, ділдік ерекшеліктерін естен шығармай, сарапшылардан, арнайы мамандандырылған жандардан көмек сұрау
- Материалмен жұмыс барысында азшылықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және басқа да ерекшеліктерін білу және сыйлау
- Жарияланымды қоғамның қалай қарсы аларына болжам жасау, жаңа даулы жағдайлар туғызбау, ескі жанжалдарды қозғамау, қоздырмау
- Азшылықтар мәселесіне байланысты материалдармен жұмыс барысында тек заңды ғана емес, кәсіби этика ережелерін де басшылыққа алу

ҚОСЫМША

ЗЕРТТЕУДІҢ СҰХБАТТАҒЫ ӨЗЕКТІ ДЕГЕН СҰРАҚТАР БОЙЫНША ГРАФИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

1 Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға деген БАҚ-дарының ақпарат берудегі сипатын Сіз қалай бағалар едіңіз?

| Жауаптар | ДАӨ* | ҰАӨ** | ЛГБТ*** | ҮЕҰ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|------------------------|----------|-----------|----------|-----------|------------|-----------|-----------|
| жағымды | 1 | 7 | - | - | 3 | 6 | 17 |
| бейтарап | 3 | 5 | 3 | 9 | 8 | 19 | 47 |
| жағымсыз | 5 | 1 | 2 | 4 | 3 | 6 | 21 |
| басқа | | 1 | | 1 | - | - | 2 |
| Барлық жауаптар | 9 | 14 | 5 | 14 | 14 | 31 | 87 |

* ДАӨ – діни азшылық өкілдері

** ҰАӨ – ұлттық азшылық өкілдері

***ЛГБТ – лесбиянкалар, гейлер, бисексуалдар, трансгендерлер

2 Зерттеуде көрсетілген азшылықтар жайында қандай жағдайда БАҚ жиі ақпарат береді?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | ҮЕҰ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|-----------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|------------|-----------|------------|
| діни/ұлттық мерекелерде | 4 | 9 | 2 | 5 | 8 | 12 | 40 |
| білім | - | 1 | - | 1 | - | 3 | 5 |
| қоғамдық не мемлекеттік шараларда | 1 | 6 | 1 | 2 | 5 | 10 | 25 |
| дау-жанжалдар/ проблемалар | 6 | 6 | 4 | 8 | 4 | 16 | 44 |
| қылмыстық жағдай | 3 | 5 | 3 | 6 | 3 | 9 | 29 |
| басқа | - | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 |
| Барлық жауаптар | 14 | 27 | 11 | 23 | 21 | 51 | 147 |

3 Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға байланысты даулы жағдайға БАҚ қандай ықпал жүргізді?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | ҮЕҰ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|--------------------------------|-----------|-----------|----------|-----------|------------|-----------|-----------|
| Объективті түрде хабар таратты | 3 | 3 | 2 | 1 | 2 | 7 | 18 |
| Біржақтылыққа салынды | 4 | 1 | 3 | 2 | 4 | 10 | 24 |
| Арандатты | 4 | 3 | - | 4 | 1 | 5 | 17 |
| Үндемей қалды | 4 | 2 | 2 | 3 | 3 | 9 | 23 |
| Басқа | - | 3 | 1 | 4 | 3 | 5 | 16 |
| Барлық жауаптар | 15 | 12 | 8 | 14 | 13 | 36 | 98 |

4 Сіздің ойыңызша, қазір діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға деген БАҚ-дарының қатынасының сипаты қандай?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | ҮЕҰ | БАҚ | Барлығы |
|-----------------------------|----------|-----------|----------|-----------|-----------|-----------|
| түзу | 3 | 11 | 4 | 1 | 14 | 33 |
| Әрқашан достық пиғылда емес | 2 | 3 | 2 | 8 | 12 | 27 |
| Шырыққан, жанжалды | 3 | - | - | 3 | 5 | 11 |
| басқа | - | - | - | 1 | - | 1 |
| Барлық жауаптар | 8 | 14 | 6 | 13 | 31 | 72 |

5 Діни, ұлттық және сексуалды азшылықтарға байланысты мәселелерге байланысты БАҚ-дарының ақпарат беру сипаты соңғы жылдары қалай өзгерді?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | ҮЕҰ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|------------------------|----------|-----------|----------|-----------|------------|-----------|-----------|
| жақсарды | 1 | 7 | 2 | 2 | 5 | 11 | 28 |
| өзгермеді | 3 | 7 | 3 | 5 | 6 | 14 | 38 |
| Кері кетті | 3 | - | - | 2 | - | 1 | 6 |
| Күрт құлдырады | 1 | - | - | 1 | - | - | 2 |
| Басқа | - | - | - | - | - | 1 | 1 |
| Барлық жауаптар | 8 | 14 | 5 | 10 | 11 | 27 | 75 |

6 Өз аймағыңыздағы, жалпы Қазақстандағы журналистердің аталған азшылықтар мәселесі жайында ақпарат берудегі кәсіби деңгейін қалай бағалайсыз?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | ҮЕҰ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|---------------------------|----------|-----------|----------|-----------|------------|-----------|-----------|
| жоғары | - | 1 | - | 1 | 2 | 4 | 8 |
| орташадан жоғары | 1 | 1 | - | - | 2 | 2 | 6 |
| орташа | 1 | 3 | 1 | 2 | 3 | 5 | 15 |
| орташадан төмен | - | 1 | - | 2 | 1 | 2 | 6 |
| төмен | 2 | 4 | 3 | 4 | 4 | 10 | 27 |
| жауап беруге қиналағандар | 4 | 4 | 1 | 2 | 1 | 4 | 16 |
| Барлық жауаптар | 8 | 14 | 5 | 11 | 13 | 27 | 78 |

7 Ұлттық азшылықтар туралы БАҚ-дарындағы материалдар саны соңғы жылдары өзгерді ме?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | МЕМОРАНДАР | БАҚ | Барлығы |
|------------------------|----------|-----------|----------|------------|-----------|-----------|
| артты | 3 | 2 | 2 | 4 | 4 | 15 |
| өзгермеді | 3 | 6 | 3 | 5 | 8 | 25 |
| кеміді | 1 | 1 | 1 | - | 3 | 6 |
| жауап беруге қиналамын | 1 | 2 | - | - | 6 | 9 |
| басқа | - | 3 | - | 2 | 2 | 7 |
| Барлық жауаптар | 8 | 14 | 6 | 11 | 23 | 62 |

8 Діни, ұлттық жағдайға не сексуалды ориентацияға байланысты Қазақстаннан кетуді жоспарлап отырсыз ба?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | Барлығы |
|---------------------------------------|----------|-----------|----------|-----------|
| Ия, жақын арада | 1 | - | 1 | 2 |
| Ия, бірнеше жылдан кейін | - | 2 | 1 | 3 |
| Ия, тек өмірге қауіп төнетін жағдайда | 4 | 8 | 3 | 15 |
| Не болса да, қаламын | 3 | 3 | 2 | 8 |
| Барлық жауаптар | 8 | 14 | 6 | 28 |

9 Құқығыңыз бұзылған жағдайда кімге хабарласасыз?

| Жауаптар | ДАӨ | ҰАӨ | ЛГБТ | Барлығы |
|-----------------------|-----------|-----------|----------|-----------|
| Құқыққорғау ҰЕҰ | 1 | 2 | 1 | 4 |
| Құқыққорғау органдары | 3 | 4 | - | 7 |
| Халықаралық ұйымдар | 2 | 3 | 2 | 7 |
| БАҚ | 1 | 1 | - | 2 |
| Ешқайда | 2 | 4 | 2 | 8 |
| Басқа | 1 | 5 | 1 | 7 |
| Барлық жауап | 10 | 19 | 6 | 35 |

INTRODUCTION

The survey “Mass media approach to cover minorities’ issues in Kazakhstan”, conducted by the International Center for Journalism “MediaNet” in 2010 under support of Soros Foundation -Kazakhstan, considers and analyses the work of journalists in covering situation with ethnic, religious and sexual minorities in the country..

The project considered over 150 mass media, involving media and human rights NGOs, government bodies and representatives of the minorities.

The aim of the project is to reveal approach of mass media to cover the situation with the different minorities, and to show which news the minority groups provide to the media.

As the project initiators think, it will attract additional attention to the problems related to violation of the minorities’ rights and intensify the dialogue with mass media, government bodies and civil sector.

The project was undertaken on two levels: monitoring national and regional mass media, gathering information among non-governmental organizations, as well as interviewing journalists, editors, human rights defenders and representatives of the government bodies.

During the last stage the project team processed and analyzed all of the collected data, prepared recommendations for the participants of the survey – mass media, public foundations, government institutions and donors.

The target regions – where the regional coordinators had been working within the framework of the survey and interviewed the people – were As-

tana, Almaty, Shymkent, Karaganda, Ust-Kamenogorsk, Atyrau, Aktobe. In these regions there were cases of violations of the minorities' rights, conflicts among ethnic groups. There can also be found large human rights NGOs and minority communities, strong local mass media. Besides, the geography of these regions provides insight of Kazakhstan on the whole – it's western, central, southern and eastern parts of the country.

The survey reflects relatively vivid picture of mass media approach to ethnic, religious and sexual minorities; of what affects the nature of materials published by government-backed and independent mass media; and what are the nowadays relations between minorities and mass media, NGOs, independent institutions and government bodies.

The project is designated to attract attention to the situation with the minorities in the country and discuss the approach to cover this situation by mass media. This will contribute into the activity of the human rights organizations in the country to change the way the media outlets cover the issues related to the minorities.

The analytical report contains information in three languages (Kazakh, Russian and English) and will be distributed among mass media, government bodies, public and international organizations, research institutions, universities and others.

Results and conclusions of the survey don't necessarily reflect the view of its authors, as well as Soros Foundation - Kazakhstan, but represent the final collection of opinions of the survey participants.

PROBLEM ANALYSIS

The situation with the minorities in the country is one of those taboo subjects that are rarely covered by mass media and rarely discussed within the society.

At the same time, incorrectness and discriminative attitude of mass media toward a certain minority group is a question of the professionalism level of journalists and their understanding of the processes that take place in the society. This is also the matter of the media's responsibility to the countrymen, which the Kazakhstani journalists either underestimate or don't take into account.

Thus, it could be stated that at the present time the journalists don't feel great demand in keeping records of the issues related to the minorities. But at the same time, these issues are mostly discussed if considering mass media approach to their coverage.

In the meantime, the project is aimed at revealing the attitude toward three minority groups that represent considerable part of the country population. The group of national minorities comprises up to 37 % of the population, religious – 35 % and sexual (taken on the basis of international standards used to estimate this index and as there is no other data available) – from 4 to 10 %.

According to the results of the national census held in 2009, the share of Kazakhs among the total population is 63.1 %, Russians – 23.7%, Ukrainians – 2.1 %, Uighurs– 1.4 %, Tatars – 1.3 %, Germans – 1.1 %, and other ethnic groups – 4.5 %.

From the official data, 4,173 religious associations operate in Kazakhstan. They represent 40 confessional groups that own over 2,500 occult buildings. According to the data provided by the US Bureau of Democracy, Human Rights and Labor, nearly 65 % of the country population consider themselves as Muslims. Approximately 30 % belong to the Russian Orthodox Church, while only 1 % - to the Catholic Eparchy. The Jewish community is represented by less than 1 %.

According to the official statistics, the number of communities of Evangelical Christian Baptists totals 362, Seventh-day Adventists – 66, Associations of Jehovah's Witnesses – 78, and Protestant Associations of new flows – 540.

In February 2010, the UN Independent Expert on Minority Issues presented her report on the results of business trip to Kazakhstan from 6 to 15 July in 2009. The report attracted attention of neither mass media nor civil society.

In her report Ms. Guy McDougall marked the cases of aggressive nationalism demonstration, tension in the relations among ethnic groups, inter-

ethnic conflicts and reaction against minority communities followed by using force.

She mentioned massacres, attacks on Kurds and their families that happened in October of 2007, in the village of Mayatas (South Kazakhstan) after a Kurd had been accused of raping four-year-old Kazakh boy; attacks on Chechen communities in March of 2007 after the fight between a Kazakh and a Chechen in Malovodnoye (Almaty region); clashes between Kazakhs and Uighurs in November 2006, in Shelek (Almaty region).

The report also informed that the authorities introduce certain limits for mass media to cover inter-ethnic conflicts. The government policy is aimed at decreasing the significance of tension in relations among ethnic groups, in order not to damage the image of inter-ethnic peaceful coexistence, which is thoroughly supported by the authorities. Besides, the mass media publish the statements saying the minorities are "guests" that should be thankful for the place they hold in the Kazakhstani society.

The Independent Expert met with the representatives of religious minorities, including Baptists, followers of the Unification Church, Scientologists, Bachaists; members of Lutheran Church, Church of Pentocostals ("New Life"), "Agape", "Blagodat", Ahmadi and the others. The last are considered by the government as non-traditional religions and "sects". They expressed great concern of the limits imposed on them by amendments to the national security legislation introduced in 2005. They also mentioned that despite of the decision the Constitutional Council made in February 2009, another more restrictive law could be passed against them. The representatives of the religious communities said that the pressure on "non-traditional" religions had been increased. And they also concluded they definitely disagree with such officially used terminology.

In Kazakhstan there is no objective data on the share the sexual minorities hold in the total population. As for the results of international researches, the percentage of sexual minorities in the society is stable and comprises from 4 to 10. The issues related to the situation with sexual minorities are among the most disputable in the society. In the majority of CIS countries, including Kazakhstan, such issues are so poorly covered that it seems they are under taboo.

In Kazakhstan only 2,500 from over 8,000 officially registered mass media operate presently, the official statistics reports. The majority of the media outlets are strictly controlled by or loyal to the government. The UN Independent Expert on Minority Issues informed that the media outlets operate in the environment of suspense, control by the government and excessive sensitivity to certain aspects, including coverage of conflicts among ethnic or religious groups, which limits their right to free expression of opinion.

The Kazakhstani experts think that in long-time perspective mass media should become more responsible when covering situation with minorities due to joint activities of local and international NGOs, communities and government bodies. It's necessary to intensify dialogue about the status of minorities in the country, to find effective ways of cooperation between communities and the government bodies, NGOs and mass media - in order to constantly support coverage of the topic, discussion of the existing problems and development of effective recommendations.

APPROACH EVALUATION OF THE KAZAKHSTAN INFORMATION SPACE

